ХРУ – аймағында сұйық фаза қатыспайды және үш қатты фазадан: мыс сульфаты, кобальт сульфаты және түзілген жаңа 2CuSO₄·CoSO₄·13H₂O қосылысынан тұратын гетерогенді жүйені сипаттайды.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде қарастырылған жүйеде кешенді қосылыстың түзілуінің концентрациялық шектері анықталды: 2CuSO₄·CoSO₄·13H₂O кешенді қосылысы түзілуі үшін: CuSO₄ концентрациясы 11,0-15,5% аралығында; CoSO₄ 12,5-26,5% аралығында.

Алынған мәліметтер мыскобальт кешенді қосылыстарды алудың негізі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Чурилов, Г.И. Применение ультрадисперсных порошков железа, меди и кобальта в растениеводстве [Текст] / Г.И. Чурилов, С.Д. Полищук, В.Н. Селиванов // Материалы V Всероссийской конференции. – Екатеринбург, 2000. – С. 343-344.

2. Мерцлин, Р.В. Приложение метода сечений к исследованию изотерм различных водно-солевых систем [Текст] / Р.В. Мерцлин, Н.И. Никурашина, Л.В. Дьякова // Физико-химическое исследование свойств простых и комплексных соединений РЗЭ и тройных систем с различным взаимодействием компонентов. – Саратов, 1968. – 137 с.

Материал редакцияға 19.05.17 түсті

Г.А. Сейтбекова, А. Сагынбаева, Д.А. Кулбаева

Таразкий государственный университет им. М.Х. Дулати, г.Тараз, РК

РАСТВОРИМОСТЬ СИСТЕМЫ «CuSO₄ – CoSO₄ – H₂O» при 25⁰C

Представлены результаты изучения системы «CuSO₄ – CoSO₄ – H₂O» при 25⁰C методом изотермической растворимости. Система характеризуется химическим взаимодействием между сульфатом титанила и сульфата меди в водной среде с образованием нового соединения состава 2CuSO₄ · CoSO₄ · 13H₂O.

Ключевые слова: система «сульфата меди – сульфата кобальта – вода», изотермическая растворимость, медкобальтный комплекс.

G.A. Seitbekova, A. Sagynbaeva, D.A. Kulbaeva

Taraz State University named after M. Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

SOLUBILITY OF THE SYSTEM «CuSO₄ – CoSO₄ – H₂O» AT 25⁰C

The results of the system «CuSO₄ – CoSO₄ – H₂O», investigated by isothermal solubility method are presented. The system is characterized by chemical interaction between CuSO₄ and CoSO₄ in aqueous system by the formation of new compounds with the following composition 2CuSO₄ · CoSO₄ · 13H₂O.

Keywords: «Copper sulfate-cobalt sulfate-water» system, isothermic solubility, copper-cobalt complex.

ӘОЖ 54-386:541.11/118

Г.А. Сейтбекова¹, А. Сагынбаева², З.Е. Бимурзаева³, Ш. Бегжанова⁴

*¹Техн. ғыл. канд., доцент, ²Магистрант, ³PhD докторы, доцент, ⁴Студент
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан*

МЫСКОБАЛЬТ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫН ТЕРМОГРАВИМЕТРЛІК ЖӘНЕ РЕНТГЕНОДИФРАКТОМЕТРЛІК ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІМЕН ЗЕРТТЕУ

Құрамы 2CuSO₄ · CoSO₄ · 13H₂O болатын мыскобальт кешенінің және бастапқы компоненттерінің дериватограммалары және дифрактограммалары зерттелді. Зерттеу нәтижелері кешеннің түзілуі үрдісінде гидроксидті және сульфат-топтардың басым роль атқаратындығын көрсетеді.

Түйін сөздер: мысkobальт кешені, термогравиметрлік талдау, рентгенодифрактометрлік талдау.


Кешенді қосылыстардың құрылысын, қасиеті мен құрамын зерттеуде спектроскопия, рентгенофазалық, термогравиметрлік және басқа да қазіргі заманғы физикалық-химиялық зерттеу әдістері қолданылады.

« $\text{CuSO}_4 - \text{CoSO}_4 - \text{H}_2\text{O}$ » үштік жүйесіндегі компоненттердің өзара әрекеттесуін 25°C -де изотермиялық ерігіштік әдісімен зерттеудің нәтижесінде қатты фаза түрінде құрамдары $2\text{CuSO}_4 \cdot \text{CoSO}_4 \cdot 13\text{H}_2\text{O}$ болатын жаңа мысkobальт кешендері алынды. Үшкомпонентті жүйенің зерттеу әдістемесі [1] жұмыста келтірілген. Бұл жұмыста алынған мысkobальт кешенінің құрамын дифференциалды термиялық және рентгенодифрактометриялық талдау әдістерімен зерттеу қарастырылған.

Мыс сульфаты кристаллогидратының, kobальт сульфаты кристаллогидратының және мысkobальт кешенінің дериватограммалары 1, 2 және 3-суреттерде келтірілген.

Жалпы, барлық зерттелетін қосылыстар үшін ДТА және ДТГ қисықтарында үш топ эндотермиялық эффекттері байқалады. Бірақ, алу әдістерінің ерекшеліктеріне байланысты қосылыстарда температура аралығында айырмашылықтар болады.

Мыс сульфаты кристаллогидратын $\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$ 20°C -ден 1000°C -ге дейін динамикалық қыздыру кезінде (1-сурет) осы заттың деструкциясымен байланысты термиялық эффекттер сериясын береді. Жүйенің ыдырауы бірнеше сатыда жүреді. Мыс гидросульфаты $60-230^\circ\text{C}$ аралығында дегидратацияның үш сатысын береді. Өнімнің десульфатизациялануы жоғары температураларда $\sim 600-700$, $700-770$, $770-930$ және $930-960^\circ\text{C}$ аралықтарында іске асады.



Ордината осі – массаның кемуі (мг), абцисса осі – температура ($^\circ\text{C}$). Қисықтардың белгіленуі: TG – массаның өзгеруін тіркейтін термогравиметрия; DTG – массаның өзгеру жылдамдығын сипаттайтын дифференциалды термогравиметрия; DTA – зерттелетін үлгінің энтальпия өзгерісін көрсететін дифференциалды термиялық талдау; T – температура, температураның уақытқа байланысты өзгеруін көрсетеді.


Сурет 1. Мыс сульфатының дериватограммасы

Кобальт сульфаты кристаллогидратын 1000⁰С-ге дейін динамикалық қыздырған кезде зерттелетін жүйенің деструкциясымен байланысты дифференциалдық қисықта эффект серияларын қалдырды. 40-175, 175-320 және 675-980⁰С интервалдарында ДТА-қисығында атмосфераға сәйкесінше молекулалық су ($\Delta m=6.25\%$), гидроксилдік су ($\Delta m=10.0\%$) және оттегі молекулаларымен бірге күкірттің қостотығының ($\Delta m=43.75\%$) шығарылуымен жүретін үш интенсивті эндотермиялық реакциялар тіркеледі (1-кесте, 2-сурет). Осы мәліметтерге сәйкес үлгі құрамында 16.25% су (6.25(H₂O)) және 83.75% кобальт сульфаты (CoSO₄) қатысады. Үлгі массасынан жалпы жоғалуы 60% құрайды.

Кесте 1

Кобальт сульфатының 20-1000⁰С аралығындағы термогравиметриялық көрсеткіші

Салмақтың жоғалу реттілігі	Салмақтың жоғалу мөлшері, %	Қыздырылған үлгідегі ұшқыш компоненттер	Ыдырау сатысындағы температура интервалдары, °С
Δm_1	6.25	H ₂ O	40-175
Δm_2	10.00	ОН	175-320
Δm_3	43.75	3SO ₂ +O ₂	675-960
$\sum \Delta m_{1000^{\circ}\text{C}}$	60%	SO ₂ ; H ₂ O; ОН; O ₂	20-1000



Ордината осі – массаның кемуі (мг), абцисса осі – температура (⁰С). Қисықтардың белгіленуі: TG – массаның өзгеруін тіркейтін термогравиметрия; DTG – массаның өзгеру жылдамдығын сипатайтын дифференциалды термогравиметрия; DTA – зерттелетін үлгінің энтальпия өзгерісін көрсететін дифференциалды термиялық талдау; Т – температура, температураның уақытқа байланысты өзгеруін көрсетеді.


Сурет 2. Кобальт сульфатының дериватограммасы

Мысқобальт кешенін қыздыру кезінде өзінің қисығында оны құрайтын екі мыс және кобальт кристаллогидраттарының ыдырау реакцияларына байланысты шыңдар байқалады. Үлгі компоненттерінің термиялық деструкциясының негізгі үрдістері 40-300⁰С және ~600-800⁰С интервалдар аралығында жүреді (2-кесте, 3-сурет).

Кесте 2

Мысқобальт кешенінің 20-1000⁰С аралығындағы термогравиметриялық көрсеткіші

Салмақтың жоғалу бірзділігі	Салмақтың жоғалу мөлшері, %	Қыздырылған үлгідегі ұшқыш компоненттер	Ыдырау сатысындағы температура интервалдары, °С
Δm_1	32.25	H ₂ O	40-110
Δm_2	3.00	OH	180-240
Δm_3	4.75	OH	240-300
Δm_4	1.50	SO ₂	570-660
Δm_5	8.00	SO ₂ ; O ₂	660-745
Δm_6	18.25	SO ₂ ; O ₂	745-820
Δm_7	2.75	SO ₂ ; O ₂	820-1000
$\Sigma \Delta m_{1000^{\circ}C}$	70.5%	SO ₂ ; H ₂ O; OH; O ₂	20-1000



Ордината осі – массаның кемуі (мг), абсцисса осі – температура (°C). Қисықтардың белгіленуі: TG – массаның өзгеруін тіркейтін термогравиметрия; DTG – массаның өзгеру жылдамдығын сипаттайтын дифференциалды термогравиметрия; DTA – зерттелетін үлгінің энтальпия өзгерісін көрсететін дифференциалды термиялық талдау; Т – температура, температураның уақытқа байланысты өзгеруін көрсетеді.

Сурет 3. Мысқобальт кешенінің дериватограммасы

Мысқобальт қосылысының термиялық ыдырау жүрісінің өзіндік ерекшелігі бар және оның дериватограммасы бастапқы компоненттердің дериватограммаларынан айырмашылығы бар. Бұл мысқобальт кешенінің өзіндік дербес зат екендігін дәлелдейді.

Сонымен мысқобальт кешенінің құрылысын термиялық талдау әдістерімен зерттеу жұмыстарының нәтижесі мыс мен кобальт атомдары арасындағы байланыс гидроксилдік топтар арқылы іске асатындығын және сонымен қатар сульфатотоптың да қатысатындығын көрсетеді.

Бастапқы заттар мыс сульфатына, кобальт сульфатына және мысқобальт кешеніне рентгенодифрактометриялық зерттеулер жүргізілді.

$\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$, $\text{CoSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ және мысқобальт кешенінің рентгенодифрактометриялық мәліметтері 3-кестеде және 4, 5 және 7-суреттерде келтірілген.


Кесте 3

$\text{CuSO}_4 - \text{CoSO}_4 - \text{H}_2\text{O}$ жүйесінің қосылысы үшін жазықтықаралық арақашықтықтар d мен қарқындылықтар $J\%$ жиынтығы


№	$\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$		$\text{CoSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$		$2\text{CuSO}_4 \cdot \text{CoSO}_4 \cdot 13\text{H}_2\text{O}$ (МКК)	
	$d, \text{Å}$	$J\%$	$d, \text{Å}$	$J\%$	$d, \text{Å}$	$J\%$
1	2	3	4	5	6	7
1	10.49092	95.1	4.82341	75.5	6.10813	41.8
2	5.74982	43.6	4.76152	50.6	5.75627	63.0
3	5.49853	38.7	3.40086	100.0	5.47510	70.4
4	5.21782	16.8	3.34099	47.2	5.11874	56.5
5	4.74168	100.0	3.30010	47.9	4.83554	76.9
6	4.65742	24.5	3.06260	54.3	4.76186	88.9
7	4.28802	17.1	2.56670	44.3	4.46936	52.5
8	3.99823	79.4	2.50964	53.7	4.38646	59.3
9	3.71431	48.9	2.40983	41.4	4.01755	81.4
10	3.54589	43.6	2.33579	42.4	3.70275	75.6
11	3.46801	14.8	2.19899	45.9	3.41622	61.4
12	3.30804	43.4	2.10603	40.2	3.29700	79.3
13	3.26405	27.1	2.05463	40.6	3.26385	67.9
14	3.18421	20.0	1.97051	40.1	3.17149	55.9
15	3.05564	28.2	1.70049	41.1	3.06764	68.4
16	2.90971	18.2	1.62200	46.0	2.90507	63.2
17	2.87157	27.9	1.60367	37.4	2.86987	74.2
18	2.82988	47.3	1.58319	38.9	2.83039	64.1
19	2.79065	16.1			2.75596	62.8
20	2.75424	64.3			2.72637	79.1
21	2.72552	18.2			2.68930	62.2
22	2.66606	28.1			2.41598	61.9
23	2.56274	15.5			2.08061	62.6
24	2.53177	23.8			1.78533	100.0
25	2.44679	13.8				
26	2.42314	18.5				
27	2.36230	17.0				
28	2.19669	19.3				
29	2.08556	17.1				

3-кестенің жалғасы


1	2	3	4	5	6	7
30	2.02754	21.5				
31	1.98328	19.9				
32	1.93381	11.9				
33	1.88898	12.8				
34	1.85453	18.3				
35	1.77266	18.4				



Сурет 4. Мыс сульфаты кристаллогидратының (CuSO₄·5H₂O) дифрактограммасы



Сурет 5. Кобальт сульфаты кристаллогидратының (CoSO₄·7H₂O) дифрактограммасы



Сурет 6. Мысқобальт кешенінің дифрактограммасы

Мысқобальт кешенінің рентгенометриялық мәліметтерінің бастапқы мыс және кобальт сульфаттарының жазықтықаралық арақашықтығы мен қарқындылық мәндерінің мәліметтерінен айырмашылықтары бар. Бұл мысқобальт кешенінің дербес екендігін дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сейтбекова, Г.А. Құрамында темір және мыс сульфаттары бар үштік сулы жүйеде кешен түзілуін зерттеу [Мәтін] / Г.А. Сейтбекова, А.Б. Тұрғынбекова, Ж.Қ. Дүйсенбек // Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XV Сәтбаев оқулары» атты ғылыми конференцияның материалдары. Том 22. – Павлодар, 2015. – Б. 207-211.

Материал редакцияға 19.05.17 түсті

Г.А. Сейтбекова, А. Сағынбекова, З.Е. Бимурзаева, Ш. Бегжанова

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ СТРОЕНИЯ МЕДКОБАЛЬТНОГО КОМПЛЕКСА МЕТОДАМИ ТЕРМОГРАВИМЕТРИЧЕСКОГО И РЕНТГЕНОДИФРАКТОМЕТРИЧЕСКОГО АНАЛИЗОВ

Представлены результаты изучения дериватограммы медкобальтного комплекса $2\text{CuSO}_4 \cdot \text{CoSO}_4 \cdot 13\text{H}_2\text{O}$. В результате исследования установлено, что в процессе образования комплексов важную роль играют гидроксильные группы, а также сульфато группы.

Ключевые слова: медкобальтные комплексы, термогравиметрический анализ, рентгенодифрактометрический анализ.

G.A. Seitbekova, A. Sagynbaeva, Z.E. Bimurzayeva, Sh. Begzhanova

Taraz State University named after M. Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

STUDY OF COPPER-COBALT COMPLEX STRUCTURE BY THE METHODS OF THERMOGRAVIMETRIC AND X-RAY DIFFRACTOMETRIC ANALYSIS

Derivatograms and diffractograms of initial components and copper-cobalt complex $2\text{CuSO}_4 \cdot \text{CoSO}_4 \cdot 13\text{H}_2\text{O}$ composition have been studied. The results of research shows the dominant role of sulfate- and hydroxo-groups in the complex formation.

Keywords: copper-cobalt complex, thermogravimetric analysis, X-ray diffractometric analysis.

ӘОЖ 675. 043 (088.8)

Г.А. Сейтбекова¹, А.О. Төлеген², А.Б. Авезов³

¹Техн. ғылымдарының канд., доцент, ²Магистр, ³Студент
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы, ҚР

БЫЛҒАРЫ ӨНДІРІСІНДЕГІ ХРОМДАП ИЛЕУДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада хромды илеу үрдісінің қоршаған ортаға әсері, экологиялық мәселелері және оларды шешу жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: хромды илеу, экологиялық мәселелер, титанды илегіш, титанмыс кешені.

Қазіргі кезде ластағыштардың негізгі көзі үлбір және былғары зауыттарында өндірістік үрдістердің нәтижесінде түзілетін өнеркәсіптік қалдықтар болып табылады. Өндірістік қалдықтар қоршаған ортаны химиялық ластайтын негізгі көздер. Ең алдымен су қоймаларын, жер асты су горизонттарын және адамдар тұтынатын ауыз суларын ластайды. Олар су артериясына түсе отырып, қала маңдарына ондаған, тіпті жүздеген километрлерге дейін таралады.

Заңнамалық және нормативтік құжаттардың көп боуына қарамастан, аймақтық территорияларға қалдықтардың жиналуы және қолданылуына байланысты мәселелер, олардың қоршаған табиғи ортаның экологиялық қауіпсіздігіне кепілдік бере алмайды. Мұның себептері: қалдықтарды басқару жүйесінің жоқтығы; қалдықтардың түзілу көздерінің толық жүргізілмеуі; жиналуы, қайта пайдалану және өнеркәсіптік қалдықтарды жою, жинақтау жүйелерінің, арнайы нысандарда өнеркәсіптік қауіпті қалдықтарды сұрыптау бойынша толық мәліметтерінің жоқтығы болып табылады.

Былғары-үлбір өндірісі әртүрлі химиялық заттарды қолдану қауіптілігіне байланысты 3-классқа жатады. Бастапқы шикізаттың төмен бағасы, сонымен қатар былғары және үлбір өнеркәсібінде ақаба суларды

тазалаудың негізгі талаптарының орындалмауы зауыт маңындағы су орталарын ластауға алып келеді. Былғары-үлбір шикізатын өңдеу судың, электроэнергияның көп мөлшерін қажет етеді, сонымен қатар шикізаттың 50% қалдыққа кетеді [1].

Былғары және үлбір өндірісіндегі ең уытты заттар хромның Cr (III) қосылыстары болып табылады. Типтік әдістемелерде олардың қолданылу дәрежесі 70-80% құрайды. Былғары және үлбір өндірісіндегі экологиялық мәселелердің бірі ақаба сулардағы хром қосылыстарын төмендету болып табылады. Хром қосылыстарының шамадан тыс шығыны, олардың қорларының азаюы, шығарылатын өнімге, қоршаған ортаны қорғаудағы экологиялық талаптардың жоғарылауы, былғарыны және үлбірді илеудің экономикалық тұрғыда тиімді және экологиялық таза технологиясын пайдалану бойынша зерттеу жұмыстарын кеңейтуді қажет етеді. Ең алдымен хром (VI) және хром (III) қосылыстарының қайсысының шамадан тыс уытты екендігін ажырата білу керек.

Хромның (VI) қосылыстарының қауіптілік әсерін төмендету нұсқалары қазіргі заманғы техникамен жабдықталған ірі кәсіпорындарда пайдаланылады. Кіші кәсіпорындарда, әсіресе дамыған елдерде қолданылатын технологияны экологиялық бағалауға жеткілікті көңіл бөліне бермейді. Бірақ, хромдап илеу сыртқы түрі, былғары органолептикасы және өте жақсы сападағы үлбір алу бойынша мүмкіндіктер береді. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау қажеттілігіне байланысты хромға баламалы илеу тәсілдері мен нұсқаларын дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Соңғы кездерде үлбір және былғары өнімдерін санитарлық-гигиеналық тұрғыдан бағалауға ерекше көңіл бөлінетін болды. Тұтынушыларды былғары құрамында «улы» хромның болуы қамықтырады.

Минералды илегіштердің ішінде алюминий, цирконий, темір және титанның илегіш қосылыстары зерттелген [2]. Жақсы санитарлық гигиеналық қасиеті бар, ақ былғарлы ұлпа, әртүрлі түске боялатын өнім алуға жарамды үлбірдің жартылай фабрикатын алу үшін титанның Ti (IV) илегішті қосылыстарын қолдану өзекті мәселенің бірі.

Аммонийсульфатотитанилат илегіші $TiOSO_4(NH_4)_2SO_4 \cdot H_2O$ өзінің физикалық-химиялық қасиеттері бойынша хром илегіштерінен айырмашылығы бар [3]. Ол екі – α және β кристалдық модификацияда болатын тұз. Былғары және үлбір өндірісі үшін β модификациясы қызықты.

Титанды илегіштің экологиялық тұрғыдағы артықшылығы – алынған былғары мен үлбірлердің, сонымен қатар олардың қалдықтарының құрамында ауыр металдар болмайды.

Титан илегіші ақуыздың негізгі аминдік және гунидиндік топтарымен әрекеттеседі. Сонымен қатар илегіштің коллагеннің басқа да функционалдық топтарымен әртүрлі химиялық байланыстар түзетін мүмкіндіктері де теріске шығарылмайды.

Титан илегіштерінің ерекшелігі оның гидролизге бейімділігі, илегіш бөлшектерінің өлшемінің артуы олардың былғары өңезінің диффузиялануын қиындатады. Сондықтан титанмен илеуді илеу сатысының алдында гидролизге түсірмеу; жартылай фабрикатқа илегіштің негізгі массасы енгеннен кейін өңезінің ішінде илегіш бөлшектерінің артуы нәтижесінде гидролиз былғарының жақсы қалыптасуына жағдай жасайды.

Титан илегіштерін қолдану жартылай фабрикаттың сапасын жақсы отандық және шетелдік үлгілердің деңгейіне дейін жоғарылатады, бұл кезде илеу үрдісінің ұзақтығы және ақаба сулардың ластануы қысқарады.

Осылайша, қой терісін өңдеуде келешегі бар бағыттардың бірі – титанның илегішті қосылысын қолданып хромсыз жартылай фабрикат алу.


Илеу үрдісінде хром қосылыстарын толық немесе біртіндеп алмастыра алатын басқа да минералды илегіштерді іздестіру мыстың (II) қосылыстарын қарастыруға жол ашады.

Хром мыс секілді ауыспалы металлдардың бірінші қатарына жатады. Мыс белсенді кешентүзгіш болып табылады, хромға ұқсас октаэдр құрылысты кешен алынуы мүмкін. Көне әдебиеттерде мыс қосылыстарының илеу үрдісінде қолданылғандығы туралы тәжірибелер бар.

Былғарыны илеу үшін мыс қосылыстарын қолдануды зерттеу мүмкіндігінің үш аспектісі бар: кешендер суда жақсы ери алатын, ақуызбен берік химиялық байланыс түзуге және тізбекті немесе глобулярлы элементтермен коллоидтық жүйе түзу мүмкіндігіне ие болу.

Жұмыста $TiOSO_4 - CuSO_4 - H_2O$ жүйесіндегі компоненттердің өзара әрекеттесуі изотермиялық ерігіштігі әдісімен зерттеліп, анықталды. Бастапқы компоненттер ретінде «химиялық таза» $TiOSO_4 \cdot 2H_2O$, $CuSO_4 \cdot 5H_2O$ және дистилденген су қолданылды. Эксперимент әдісі [4] мақалада келтірілген.

Диаграммадағы $ABE_1E_2v_1$ аймағы титанил сульфаты және мыс сульфатының қанықпаған сулы ерітінділерінен тұратын гомогендік жүйедегі тепе-теңдікті сипаттайды; v нүктесі – титанил сульфатының (сусыз тұзға қайта есептегендегі) судағы ерігіштігін (52,5%) сипаттайды. Ерігіштік изотермасындағы E_1 - нүктесі титанил сульфатының кристаллогидраты және құрамы M гетерополиядролы титанмыс кешенінің кристалдарымен тепе-теңдікте болатын қаныққан ерітінділердің құрамын сипаттайды; E_2 – нүктесі құрамы M гетерополиядролы титанмыс кешенін және мыс сульфаты кристаллогидратының қаныққан ерітінділерінің құрамын сипаттайды; v_1 – мыс сульфатының (сусыз тұзға қайта есептегенде) судағы ерігіштігін сипаттайды (17,5%). L нүктесі титанил сульфаты кристаллогидратының $TiOSO_4 \cdot 2H_2O$ құрамын сипаттайды. N нүктесі мыс сульфаты кристаллогидратының құрамын сипаттайды.



Сурет. $TiOSO_4 - CuSO_4 - H_2O$ жүйесіндегі ерігіштік диаграммасы, $t=25^0$

Кесте

«TiOSO₄ – CuSO₄– H₂O» жүйесіндегі t=25⁰C-дегі ерігіштік

Қаныққан ерітіндінің құрамы, масс. %		Қатты фазаның құрамы
TiOSO ₄	CuSO ₄	
52,5	0,0	TiOSO ₄
49,5	0,3	TiOSO ₄ ·2H ₂ O
45,0	0,6	TiOSO ₄ ·2H ₂ O
40,0	0,9	TiOSO ₄ ·2H ₂ O
35,0	1,0	TiOSO ₄ ·2H ₂ O
30,0	1,2	TiOSO ₄ ·2H ₂ O
25,0	1,5	TiOSO ₄ ·2H ₂ O
18,0	2,0	TiOSO ₄ ·2H ₂ O
18,5	4,0	TiOSO ₄ ·2H ₂ O
19,5	4,0	TiOSO ₄ ·2H ₂ O; TiOSO ₄ ·CuSO ₄ ·3H ₂ O
14,5	6,2	TiOSO ₄ ·CuSO ₄ ·6H ₂ O
13,0	6,5	TiOSO ₄ ·CuSO ₄ ·6H ₂ O
12,0	7,5	TiOSO ₄ ·CuSO ₄ ·6H ₂ O
10,0	9,0	TiOSO ₄ ·CuSO ₄ ·6H ₂ O
9,0	11,5	TiOSO ₄ ·CuSO ₄ ·6H ₂ O
8,5	13,5	TiOSO ₄ ·CuSO ₄ ·6H ₂ O
9,0	15,0	TiOSO ₄ ·CuSO ₄ ·6H ₂ O; CuSO ₄ ·3H ₂ O
4,0	15,5	CuSO ₄ ·3H ₂ O
2,5	16,5	CuSO ₄ ·3H ₂ O
0,0	17,5	CuSO ₄

Кестеден және суреттен көрініп тұрғандай, изотермиялық ерігіштік үш тармақтан тұрады: vE_1 – тармағы титанил сульфатының қаныққан ерітіндісінен түзілген $TiOSO_4 \cdot 2H_2O$ кристаллогидратының кристалдану қисығы; E_1E_2 – тармақ құрамы $TiOSO_4 \cdot CuSO_4 \cdot 6H_2O$ гетерополиядролы кешенді қосылыстың кристалдануына және E_2v_1 -тармақ мыс сульфатының кристалдануы сызығына сәйкес келеді.

vE_1L аймағы – қаныққан ерітіндіден және титанил сульфаты кристаллогидраты кристалдарынан тұратын гетерогенді жүйедегі тепе-теңдікті сипаттайды; E_1ME_2 – қаныққан ерітіндімен және құрамы M ($TiOSO_4 \cdot CuSO_4 \cdot 6H_2O$) болатын титанмыс кешенді қосылыстың кристалдарымен тепе-теңдікте болатын гетерогендік жүйені; ал E_2Nv_1 – қаныққан ерітіндімен мыс сульфаты кристаллогидратының кристалдарының арасындағы тепе-теңдікті сипаттайды.

LE_1M – аймағы құрамы E_1 қаныққан ерітіндіден, титанил сульфаты кристаллогидраты және титанмыс кешенді қосылыстан тұратын гетерогендік жүйедегі тепе-теңдікті сипаттайды; ME_2N – құрамы E_2 қаныққан ерітіндіден және титанмыс кешенді қосылыстың және мыс сульфаты кристаллогидраты кристалдарынан тұратын гетерогендік жүйедегі тепе-теңдікті сипаттайды. VMC – аймағында сұйық фаза қатыспайды және үш қатты фазадан: титанил сульфаты, мыс сульфаты және түзілген жаңа $TiOSO_4 \cdot CuSO_4 \cdot 6H_2O$ қосылысынан тұратын гетерогенді жүйені сипаттайды.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде қарастырылған жүйеде кешенді қосылыс түзілуінің концентрациялық шектері анықталды: $TiOSO_4 \cdot CuSO_4 \cdot$

$6\text{H}_2\text{O}$ кешенді қосылысы түзілуі үшін: TiOSO_4 концентрациясы 9,0-19,5% аралығында; CuSO_4 4,0-15,0% аралығында. Алынған титанилмыс $\text{TiOSO}_4 \cdot \text{CuSO}_4 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$ қосылысы жалтыраған ашық-көк түсті кристалл.

Алынған мәліметтер былғары өндірісінің технологиялық үрдісінде илегіш зат ретінде қолдануға мүмкін болатын гетерополиядролы титанмыс кешенді қосылысты алудың негізі бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Экологические проблемы [Текст] // Кожевенно-обувная промышленность. – 2003. – №2. – С.14-18.
2. Страхов, И.П. Химия и технология кожи и меха [Текст] / И.П. Страхов, И.С. Шестакова, Д.А. Куциди. – М.: Легпромбытиздат, 1985. – 495 с.
3. Метелкин, А.И. Титановое дубление [Текст]: Монография / А.И. Метелкин, Н.Т. Русакова. – М.: Легкая индустрия, 1980. – 152 с.
4. Сейтбекова, Г.А. Растворимость в системе $\text{Fe}_2(\text{SO}_4)_3 - \text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3 - \text{H}_2\text{O}$ при 25°C [Текст] / Г.А. Сейтбекова, У.К. Мадиев, Х.К. Оспанов // Механика и моделирование процессов технологии. – 1995. – №2. – С. 186-188.

Материал редакцияға 19.05.17 түсті

Г.А. Сейтбекова, А.О. Толеген, А.Б. Авезов

Таразский государственный университет имени М.Х. Дулати, г.Тараз, РК

ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ХРОМОВОГО ДУБЛЕНИЯ В КОЖЕВЕННОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

Рассмотрены экологические проблемы хромового дубления кожевенной промышленности, представлены особенности новых соединений, предназначенных для дубления.

Ключевые слова: хромовое дубление, экологические проблемы, титановое дубление, титанмедный комплекс.

Seitbekova G.A., Tolegen A.O., Avezov A.B.

Taraz State University named after M. Kh. Dulati, Taraz, RK

ECOLOGICAL PROBLEMS OF CHROMIC KNEAD IN LEATHER PRODUCTION

In this article have been considered the ecological problems of leather production of chromic knead and their solutions.

Keywords: chromic knead, ecological problems, titanium knead, titancopper complex.

ЭОЖ 546.26

**Х.Р. Садиева¹, Г.А. Шаршеналиева², А.А. Искакова³,
Г.Б. Джумабекова⁴, Д.Ғ. Балтабаева⁵**

¹Техн.ғыл. канд., доцент, ²Биология ғыл. канд., доцент, ³Магистр,

⁴PhD докторы, доцент, ⁵Студент-зерттеуші

^{1, 4, 5}М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

²И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті, Бішкек қ., Қырғызстан

³Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы қ., Қазақстан

CN-CVD-100 ҚОНДЫРҒЫСЫНДА ГАЗДЫ-ФАЗАЛЫҚ ӘДІСІМЕН АЛЫНҒАН КӨМІРТЕКТІ НАНОТҮТІКШЕЛЕРІМЕН АБСОРБЦИЯЛАНҒАН ЭНТЕРОСОРБЕНТТЕРДІ ЗЕРТТЕУ

Энтеросорбенттер қазіргі заманғы адамдардың тамақтануындағы табиғи азықтық талшықтардың жетіспеушілігінің орнын толтыратын биологиялық өнім. Зерттеу нәтижесінде ұнтақталған жұмыртқа қабықтарына түрлі минералды тұздардың, атап айтқанда (никель, мырыш, кобальт) катиондарын сіңіре отырып және газды-фазалық әдіспен алынған көміртекті нанотүтікшелерімен абсорбцияланып дайындалған сорбенттерді зерттеу нәтижелері келтірілген.

Түйін сөздер: энтеросорбент, көміртегі нанотүтікшесі, микроэлементтер, төменвакуумды растрлы электронды микроскоп, наноэнтеросорбент.


Мінсіз, идеалды энтеросорбенттер шырышты қабықты зақымдамайтын, ішекте жақсы эвакуациялаушы, жойылатын құрамдас бөліктерге байланысты жоғары сорбциялық сыйымдылыққа ие болуы қажет. Ішектен өту кезінде байланысқан компоненттер десорбцияға ұшырамауы (энтеросорбенттердің қайта бөлінуі), рН ортаны өзгертпеуі, ішек микрофлорасының секреция және биоценоз үрдістеріне дұрыс әсер етуі керек [1].

Энтеросорбенттерге қажеттілік табиғи апат жағдайларында, өндіріс нысандарындағы апаттарда, құтқару және апатты қалыпқа келтіру жұмыстарында тез өседі. Қазіргі уақытта энтеросорбцияның диетология мен диетатерапияда да маңызы артып келеді. Энтеросорбенттер адамдардың тамақтануындағы табиғи азықтық талшықтардың жетіспеушілігінің орнын толтырады. Олар миллиондаған микроағзалардың тіршілік әрекетіндегі өнімдер түрлерін байланыстыруға, радиоактивті элементтер мен ауыр металлдардың тұздарын адсорбциялауға қабілетті болып табылады [2].


Жұмыртқа қабықтармен (жұқа және сыртқы қатты қабық) қапталып тұрады. Жұмыртқаның сары уызы ақ уыздан аз болады, оның түсі құрамындағы ксантофиль мен каротин пигменттеріне байланысты. Сары уыздың құрамында 51% су, 16% ақуыз, 31,5% май, әртүрлі мөлшерде В1, В2, Д1, Е дәрумендері мен минералдық заттар және т.б. бар. Ақ уызда 85% су, 13% ақуыз бар, май, көміртек, минералды заттар өте аз, тек В дәрумені болады.

Зерттеу жұмысының бір бөлігі М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің инженерлі бейінді «Наноинженерлік зерттеу әдістері» зертханасындағы «ULVAC JAPAN, Ltd.» компаниясының көміртегі нанотүтікшелерін өсіруге арналған CN-CVD-100 құрылғысында жүргізілді.

Жұмыртқаның қабығында цистеин құрамды аминқышқылдары болғандықтан оларды сорбент ретінде қолдануға болады. Сорбенттердің адам ағзасын тазалау қабілеті болатындығын ескере отырып, олардың құрамына адам ағзасына қажетті микроэлементтерді қосып көруді жөн санадық. Сондықтан майдаланып үгітілген 50 г жұмыртқа қабығы көлемі 100 мл болатын 0,1 н мырыш сульфаты ерітіндісіне, кобальт сульфаты ерітіндісіне және кобальт хлориді ерітіндісіне, никель хлориді ерітіндісіне араластырып, 45-50⁰С температурада қыздырып, әрекеттестірілді. Содан кейін ерімей қалған тұнбаны сүзіп алынып, кептірілді. Сұйық фазаны бөліп алып, химиялық сараптама жасалды. Бөлінген тұнбаны кептіріп, одан таблетка (энтеросорбент) жасалды [3]. Жұмыртқа қабығының микроқұрылымы 1-ші және 2-суреттерде көрсетілген.



Сурет 1. №1 жұмыртқа қабығының микроқұрылымы



Сурет 2. №2 жұмыртқа қабығының микроқұрылымы

Төмендегі кестеден жұмыртқа қабығынан дайындалған энтеросорбенттерге жасалған химиялық сараптама нәтижесін көруге болады.

Кесте 1

Энтеросорбенттерге жасалған химиялық сараптама нәтижесі

№ р/с	ZnSO ₄ -құрамынан Zn ²⁺ -ионын анықтау		CoSO ₄ -құрамынан Co ²⁺ -ионын анықтау		NiCl ₂ -құрамынан Ni ²⁺ -ионын анықтау	
	масс. %	pH- ерітінді	масс. %	pH- ерітінді	масс. %	pH- ерітінді
Сұйық фазада						
1	0,90	6,5	2,45	7,5	2,76	7,0
2	0,63	6,6	0,60	7,6	0,70	7,5
3	0,40	5,9	0,41	7,6	0,63	7,0
4	0,21	6,4	0,23	7,6	0,33	7,5
5	0,15	6,9	0,18	7,6	0,26	8,0
Қатты фазада						
1	2,0	6,4	3,0	8,1	3,11	7,2
2	1,07	5,9	0,66	9,3	1,25	7,5
3	0,58	7,2	0,37	9,7	1,038	9,0
4	0,56	6,7	0,26	10,0	0,42	11,0
5	0,46	6,9	0,19	10,0	0,40	11,0


CN-CVD-100 құрылғысы зерттелетін қосылыстарды ауданы 1 см² болатын металл төсегіште (подложка) қойып, көміртегі нанотүтікшелерін өсіруге негізделген.

Өсіру камерасының ішкі диаметрі 55 мм, биіктігі 240 мм болады. Камераның ішкі жағында салқындатқыш ауа үрлейтін вентилятормен жабдықталған металл экраны бар. Зерттелетін заттарды диаметрі 1 дюйм (25 мм) болатын металл төсегішке орналастырылды. Вакуумдық жүйе өнімділігі 100 л/мин форвакуумдық насоспен жабдықталған. Өлшегіш құрылғыда – диафрагмалы вакуумметр орнатылған. Газдарды жіберу (беру) жүйесінде екі газ өлшеуіш бар. Газ өлшеуіштер H_2 және CH_4 газдарының босатылуын (берілуін) қамтамасыз етеді. Басқару жүйесіндегі вакуумдық айдау сенсорлы экран арқылы қолмен басқарылады.

Зерттеуге дайындалған заттар металл төсегішке қойылып, оны бекітіп, плазмалы жоғары жиілікті генераторды іске қосқан соң, газ жіберу жүйесінен 260–280 кПа қысыммен метан газы беріледі, 600⁰ С температурада метан газы жанып, сутегі ыдырайды, түзілген көміртегі темір төсегіште орнатылған зерттелетін заттың бетіне біртіндеп қонып, өсіп жетіледі.

Зерттеу нәтижесінде таблетканың түсі қара түске өзгерді. Таблетканы құрылғыдан түсіріп, суытып, оның микроқұрылымы зерттелді.

Жұмыртқа қабығынан жасалған және микроэлементтермен толықтырылған (Co, Ni, Zn) сорбенттердің беттік қабатына көміртегі қонып энтеросорбенттік көміртегі нанотүтікшелері өсіп шықты. Түзілген энтеросорбенттік көміртегі нанотүтікшелерінің мөлшерін және химиялық құрамын, микрокескіндік құрылысын анықтау үшін JEOL JSM-6440-LV төменвакуумды растрлы электронды микроскоппен зерттелді. Зерттеу нәтижелері төмендегі суреттерде көрсетілген. Кескіндеме 10 000 есе үлкейтілген, 1 мкм-ді көрсетіп тұр.



Сурет 3. Никель хлориді ерітіндісімен жұмыртқа қабығын әрекеттестіргендегі сынаманың беткі қабатына өсірілген көміртегі нанотүтікшелерінің микросуреті

Төмендегі 2-кестеде никель хлориді ерітіндісімен жұмыртқа қабығымен әрекеттестіргендегі сынаманың көміртекті нанотүтікше өсірілген кездегі химиялық құрамы көрсетілген.


Кесте 2

Үлгі 1

Спектр-лер	O	C	Cl	P	Si	Al	Ca	Ni	Барлығы,%
Спектр 1	54,57	0,54	0,12	0,15	0,16	1,04	41,79	1,83	100
Спектр 2	54,6	0,57	0,09	0,19	0,15	1,13	41,67	1,62	100
Спектр 3	54,39	0,56	0,09	0,21	0,16	1,18	41,64	1,76	100
Орташа	54,45	0,55	0,1	0,18	0,16	1,12	41,7	1,74	100

2-кестеден көрініп тұрғандай, табиғи сорбент никель (Ni) катионын өзіне сіңіріп алған. Ал сіңірімді болып келетін кальций мен оттегінің мөлшері жоғары екендігі, микроэлементтердің шектеулі жіберілетін концентрациядан аспайтыны байқалады.


Түзілген нанозентеросорбенттер ФСМ-1201 ИК-Фурье-спектрометр құрылғысында зерттелді (4-сурет).



Сурет 4. Никель сульфаты ерітіндісіне жұмыртқа қабығын қосылып, көміртегі нанобөлшектері қондырылған сынаманың ИК-спектрлік сызықтары

4-суреттен көрініп тұрғандай, никель оксидіне әлсіз көрінген сызықтар 1166 см^{-1} , 1797 см^{-1} сәйкес келеді, сонымен қатар кальций оксидіне 2511 см^{-1} , 2598 см^{-1} , 3174 см^{-1} аймағындағы әлсіз сызықтар сәйкес келеді.

Сонымен қатар, жұмыртқа қабығымен мырыш сульфаты ерітіндісін қосып зерттеу жұмысы жүргізілді, нәтижесі төменде көрсетілген (5-сурет). Кескіндеме 25 000 есе үлкейтілген, 1 мкм-ді көрсетіп тұр.



Сурет 5. Мырыш сульфаты ерітіндісімен жұмыртқа қабығы әрекеттескендегі бетіне көміртегі нанотүтікшелері өсірілген сынаманың микросуреті

3-кестеде мырыш сульфаты ерітіндісімен жұмыртқа қабығымен әрекеттестіргендегі сынаманың көміртекті нанотүтікше өсірілген кездегі химиялық құрамы көрсетілген.


Кестеден табиғи сорбент мырыш (Zn) катионын өзіне сіңіріп алғаны көрініп тұр. Ал сіңірімді болып келетін кальций мен оттегінің мөлшері жоғары екендігі, микроэлементтердің шектеулі жіберілетін концентрациядан аспайтыны байқалады.

Кесте 3

Үлгі 2

Спектрлер	O	Mg	Al	Si	P	S	Cl	Ca	Zn	Барлығы, %
Спектр 1	7,09	0,27	0,06	0,09	0,07	7,65	0,11	33,42	11,25	100
Спектр 2	8,37	0,35	0,06	0,07	0,09	5,33	0,17	34,38	11,18	100
Спектр 3	7,98	0,4	0,06	0,1	0,07	6,73	0,10	34,26	10,24	100
Орташа	7,81	0,34	0,06	0,09	0,07	6,57	0,15	34,02	10,89	100

Сонымен қатар, жұмыртқа қабығымен кобальт сульфаты ерітіндісін қосып зерттеу жұмысы жүргізілді, нәтижесі төменде көрсетілген (6-сурет). Кескіндеме 3 000 есе үлкейтілген, 5 мкм-ді көрсетіп тұр.



Сурет 6. Кобальт сульфаты ерітіндісімен жұмыртқа қабығын әрекеттестіргендегі көміртекті нанотүтікше өсірілген сынаманың микросуреті

4-кестеде кобальт сульфаты ерітіндісімен жұмыртқа қабығымен әрекеттестіргендегі сынаманың көміртекті нанотүтікше өсірілген кездегі химиялық құрамы көрсетілген.

Кесте 4

Үлгі 3

Спектрлер	O	Mg	Al	Si	P	S	C	Co	Барлығы, %
Спектр 1	54,03	0,37	0,06	0,06	0,1	1,1	40,41	3,88	100
Спектр 2	53,5	0,35	0,04	0,08	0,13	2,78	39,25	3,87	100
Спектр 3	54,22	0,37	0,04	0,03	0,12	1,36	39,99	3,86	100
Орташа	53,92	0,37	0,05	0,06	0,12	1,75	39,88	3,87	100

Зерттеу нәтижесінде сорбенттердің көміртегіні өзіне сіңіріп алып энтеросорбентке айналғанын байқауға болады. Нанозентеросорбенттерді ағзаны токсиканттардан табиғи дәрілік препараттар арқылы тазалауға арналған әсерлі және қауіпсіз белсендіргіш қоспалар жасауда пайдалануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кунижев, С.М. Способ получения сорбентов [Текст] / С.М. Кунижев, А.В. Серов, Е.В. Денисова, С.Ф. Аполохова, О.В. Воробьева, О.В. Анисенко. Заявка 2002105544 (РФ). 2002. – 7 с.

2. Кунижев, С.М. Информационный листок «Биофильтры нового поколения» [Текст] / С.М. Кунижев, Е.В. Денисова. – Ставрополь: Изд-во СГУ, 2001. – 2 с.
3. Садиева, Х.Р. Исследование факторов, влияющих на качество продукции птицеводства [Текст] / Х.Р. Садиева, Г.Б. Джумабекова, А.Искакова, Д. Кулбаева, А.Айдаралиева // Материалы международной конференции, 30.05.2013 г. – Уральск: ЗКАТУ им. Жангирхана, 2013.

Материал редакцияга 01.08.17 түсті.

**Х.Р. Садиева¹, Г.А. Шаршеналиева², А.А. Искакова³,
Г.Б. Джумабекова¹, Д.Г. Балтабаева¹**

¹Таразский государственный университет им. М.Х.Дулати, г. Тараз, Казахстан

²Кыргызский государственный университет им. И.Арабаева, г. Бишкек, Кыргызстан

³Казахстанско-Российский медицинский университет, г. Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ЭНТЕРОСОРБЕНТОВ, АБСОРБИРОВАННЫХ УГЛЕРОДНЫМИ НАНОТРУБКАМИ, ПОЛУЧЕННЫМИ ГАЗОФАЗНЫМ МЕТОДОМ НА УСТАНОВКЕ CN-CVD-100

Энтеросорбенты являются продуктом, компенсирующим недостаток природных биологических пищевых волокон в рационе питания современных людей. Представлены результаты исследований сорбентов, приготовленных на основе молотой скорлупы яиц, абсорбировавшие катионы разных минералов (никеля, цинка, кобальта) с выращенными на поверхности углеродными наноструктурами.

Ключевые слова: энтеросорбент, углеродная нанотрубка, микроэлементы, низковакуумный растровый электронный микроскоп, наноэнтеросорбент.

**H.R. Sadiyeva¹, G.A. Sharshenaliyeva², A.A. Iskakova³,
G.B. Dzhumabekova¹, D.G. Baltabayeva¹**

¹Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

²Kyrgyz State University named after I.Arabayev, Bishkek, Kyrgyzstan

³Kazakh-Russian medical University, Almaty, Kazakhstan

INVESTIGATION OF ENTEROSORBENTS ABSORBED BY CARBON NANOTUBES OBTAINED BY GAS-PHASE METHOD AT CN-CVD-100 EQUIPMENT

Enterosorbents are a product that compensates for the lack of natural biological dietary fiber in the diet of modern people. The results of studies of sorbents prepared on the basis of a ground egg shell, absorbed cations of various minerals (nickel, zinc, cobalt) with carbon nanostructures grown on the surface are presented.

Keywords: enterosorbent, carbon nanotube, microelements, low-vacuum scanning electron microscope, nanoenterosorbent.

ӘОЖ 661.842.532+668.8

Н. Томанов¹, М.С. Сатаев², А. Шолақ³, Б. Мырзахметов⁴

¹Магистрант, ²Техн. ғылымдарының д-ры, профессор,

³Техн. ғылымдарының канд., профессор, ⁴Аға оқытушы

^{1, 2}М. Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

^{3, 4}М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

ФЛОТАЦИЯЛЫҚ ҚАЛДЫҚТЫ АЗОТ ҚЫШҚЫЛЫМЕН ӨНДЕП КЕШЕНДІ МИНЕРАЛДЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШ АЛУ

Қаратау фосфоритінің флотациялық қалдығының құрамына жүргізілген химиялық талдау мәліметтері және флотациялық қалдықты азот қышқылымен ыдырату дәрежесіне әртүрлі факторлардың әсерін зерттеу нәтижелері келтірілген.

Түйін сөздер: минералдық тыңайтқыштар, Қаратау фосфориті, флотациялық қалдық, компоненттер, ыдырау дәрежесі.

Минералды кешенді тыңайтқыштарды, соның ішінде, құрамына фосфор енетін тыңайтқыштарды пайдалану ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады. Фосфатты шикізат қорын кеңейту мәселесін осы салаға фосфориттерді флотациялық байытудағы түзілетін қалдықтарын тарту жолымен ішінара шешуге болады.

Жамбыл облысында құрамында 20%-ға дейін P_2O_5 болатын фосфоритті кендердің катпарлары орналасқан. Оларды минералды тыңайтқыштарға өнеркәсіптік өңдеу үшін, олардың негізінде алынған құрамында 24,5%-дан кем емес P_2O_5 -н мөлшері бар байытылған фосфатты шикізат пайдаланылады [1].

Бұрын Қаратауда беттік-белсенді заттарды (ББЗ) колданып, суспензиялы-флотациялық байыту әдісімен фосфатты кендерден концентрат өндіретін байыту фабрикасы жұмыс жасаған. Флотациялық байытудың қалдықтары қоқырлардың гидросуспензиясы түрінде қоқыр жинағышқа бағытталатын, мұнда суспензия тұнба мен сұйық бөлікке бөлініп тұнады, сұйық бөлікте судың беттік табиғи булануы жүреді, ал құрамында 14-17% P_2O_5 болатын қалдықтың қатты бөлігі қоқыр жинағышта жиналатын.


Байыту фабрикасы істен шығарылғаннан кейін қоқыр жинағыш тоқтатылды. Онда жиналған фосфатты шикізатты флотациялық өңдеудің қалдықтарының көлемі шамамен 14 млн. т (пайдалы компонентке санағанда P_2O_5 - 246,5 мың т) құрайды [2].

Қазіргі уақытта қоқыр жинағышта қоймаланып жиналып қалған қалдықтар қоршаған экологиялық ортаға зиянын тигізеді. Кеуіп кеткен қоқыр жинағыштың бетінен құрамында кремний тотығы бар шаңның әкетілуі, құрамында фторлы тұздар бар қалдықтардың жерасты суларына шайылуы, ашық аспанның астында желдің және судың эрозияларына ұшырауы сияқты жағымсыз жағдайлар туғызады.

Қаратау фосфоритін байыту комбинатының флотациялық қалдықтарын пайдалану мүмкіншілігін анықтау үшін эксперименттік зерттеулер бір-бірімен ретімен байланысқан бірнеше сатыда жүргізілді. Сынама алу, оның

химиялық құрамын түйірлік фракциялары бойынша зерттеу, флотациялық қалдықты азот қышқылымен ыдыратудың тиімді технологиялық параметрлерін анықтау және алынған ертіндіден кешенді минералдық тыңайтқыш алу үрдістерін зерттеу.

Флотациялық қалдықтың түйірлерінің құрылысы «А.С. Ахметов атындағы Наноинженерлік зерттеу әдістері» ғылыми-зерттеу зерханасында JSM-7500F электрондық микроскобында зерттелді. 10000 есе үлкейтілген кристалдық құрылыстан (1-сурет) бөлшектердің біртекті емес екенін және құрамында кальциттің, гипстің, кварциттің бар екенін көруге болады.




Сурет 1. Флотациялық қалдық кристалының 10000 есе үлкейтілген көрінісі

Каратаудың фосфорын байытқанда түзілген флотациялық қалдықтан кешенді минералдық тыңайтқыш алуға қажетті элемент – фосфор, ол P_2O_5 түрінде анықталады. 1-кестеде және 2-суретте флотациялық қалдықтың А және Б сынамаларындағы барлық фракциялар құрамындағы P_2O_5 -тің пайыздық мөлшері көрсетілген. Келтірілген нәтижелерден шығымы көп 0,2 мм өлшемді фракцияның құрамындағы P_2O_5 -тің концентрациясы 17-21% құрайды.

Кесте 1

Флотациялық қалдықтың барлық фракцияларындағы P_2O_5 -тің пайыздық массалық үлестері

Фракциялар, мм	А-сынамасы, %	Б-сынамасы, %
1,6	22,75	20,2
1	23,25	21,2
0,63	20,87	21,8
0,4	18	20,5
0,315	15,6	20,75
0,2	17,3	21,6
0,16	16,37	21,3
0,1	17,5	22,25
0,063	16,25	15,4
0,063	2,5	2,5



Сурет 2. Флотациялық қалдықтың барлық фракцияларындағы P_2O_5 -тің пайыздық массалық үлестері

Фосфаттарды азот қышқылымен өндегенде оның құрамындағы фосфор, кальций, магний оксидтері және бөлінетін көміртек диоксиді, осыған байланысты флотациялық қалдықтың 0,2 мм өлшемді фракциясының А және Б сынамаларындағы P_2O_5 , CaO , MgO , CO_2 концентрациялары жоғарыда келтірілген талдау әдістерімен анықталып, оның нәтижесі 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2


Флотациялық қалдықтың А және Б сынамаларындағы негізгі компоненттердің пайыздық мөлшерлері

Сынама	P_2O_5 , %	CaO , %	MgO , %	CO_2 , %
А	17,3	28,6	4	4,4
Б	21,6	30	3,9	3,6

2-кестеде келтірілген нәтижелерден P_2O_5 -тің концентрациясы 17-21%, MgO -ның 3,9-4,0% құрайтынын көруге болады. Фосфор бес оксидінің, магний оксидінің және көміртек диоксидінің массалық үлестері фосфаттарды қышқылмен өндеуге қойылатын талаптарды қанағаттандырады.

Флотациялық қалдықты ыдырату үшін азот қышқылын пайдалану оның химиялық белсенділігіне ғана емес, және сонымен қатар, тыңайтқышқа қоректік компонент ретінде азотты енгізуге байланысты. Сонымен қатар фосфаттардың құрамында болатын R_2O_3 ерігіштіктерінің төмен болуына байланысты фосфориттерді азот қышқылды әдіспен өндеудің болашағы зор [3, 4].

Флотациялық қалдық құрамындағы қоспалардың ыдырату үрдісінде ерігіндіге өту дәрежелері зерттелді. Эксперименттік тәжірбие $50^\circ C$ температурада, азот қышқылының 50% концентрациясында және стехиометриялық нормадан 20%-ға артық мөлшерде жүргізілді. Флотациялық қалдықтағы қоспалардың ерігіндіге өту дәрежелерінің ыдырау уақытына тәуелділігі анықталды. Алынған нәтижелер график түрінде 3-суретте келтірілген. Осы графиктен қоспалардың ерігіндіге өту дәрежелерінің массалық үлесі %: MgO -84,2; Fe_2O_3 -64,4; Al_2O_3 -22,3 және SiO_2 -12,1 екенін көруге болады.



Сурет 3. Флотациялық қалдықтағы қоспалардың ерітіндіге өту дәрежелерінің ыдырау уақытына тәуелділігі; $t=50^{\circ}\text{C}$; C_{HNO_3} -50%; N_{HNO_3} -120%

Фосфаттың құрамындағы Fe_2O_3 -тің мөлшері P_2O_5 -тің мөлшерімен есептегенде 12%-дан артық болса, мұндай фосфат химиялық өндеуге тек байытылғаннан кейін ғана жарайды. Ал, Al_2O_3 , Fe_2O_3 сияқты қосылыстар зиянды емес, бірақ олар фосфат ерітіндісін ластайды, сондықтан олардың мөлшерінің көп болғаны қажет емес. Реакция кезінде бөлінетін фторлы сутек фосфат құрамында болатын кремний қышқылымен әрекеттесіп, кремнефторсутек қышқылы түрінде ерітіндіде қалады [5, 6].

Кешенді минералдық тыңайтқыш алу үшін флотациялық қалдықты азот қышқылымен ыдыратып алғандағы қоймалжың ерітіндіні (қойыртпақ) ылғалдығы 40% болатындай есеппен дистилденген су қосылды. Осы ерітіндідегі қатты фаза сұйық фазадан зертханалық ЦЛН-5 маркалы центрифугада бөлінді. Минутына 3000 айналым жылдамдықта 15 минут центрифугаланды. Одан ары ылғалды тұнба $90-100^{\circ}\text{C}$ температурада кептіргіш шкафта кептірілді және құрамындағы P_2O_5 , CaO және азоттың концентрациялары жоғарыда келтірілген химиялық талдау әдістерімен анықталды. Алынған кешенді минералдық тыңайтқыштың құрамындағы компоненттердің массалық үлестері %: P_2O_5 (жалпы) -12,22; CaO (жалпы) -30,26; N -6,12.

Зерттеу жұмысының нәтижелері флотациялық қалдықты азот қышқылымен ыдыратқанда алынған ерітіндіден қатты фазаны бөлу арқылы құрамында P_2O_5 , N және CaO бар азот-фосфор-кальцийлі (NPCa) кешенді тыңайтқыш алуға болатынын дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баскакова, М.И. Теоретические основы и разработка технологии флотационного обогащения руд Каратау [Текст] / М.И. Баскакова, Л.И. Стрёмовский, М.П. Анипкина // ГИГХС. Вып.71. – 2001. – С. 106-114.
2. Ратобильская, Л.Д. Обогащение фосфатных руд [Текст] / Л.Д. Ратобильская, Н.Н. Бойко, А.О. Кожевников. – М.: Недра, 1979. - 261 с.
3. Гунин, В.В. Азотнокислотное разложение апатита нестехиометрическими нормами азотной кислоты [Текст] / В.В. Гунин //

- Актуальные проблемы науки в агропромышленном комплексе: Материалы 58-й междунар. науч.-практ. конф. в 3 т. Т-2. – Кострома: КГСХА, 2007. – С. 23-24.
4. Позин, М.Е. Переработка фосфоритов Каратау. Промышленные методы и лабораторные разработки [Текст] / М.Е. Позин, Б.А. Копылева, В.Н. Ершова. – Л.: Химия, 1975.
 5. Малявин, А.С. Приемы подавления пенообразования при азотнофосфорнокислотной переработке низкосортного фосфатного сырья [Текст] // А.С. Малявин, В.Г. Казак, Н.М. Бризицкая. IX международная научно-практическая конференция “Химия XXI-век: новые технологии, новые продукты”. 16-17 мая 2006 г. – Кемерово, 2006. – С. 350-351.
 6. Бризицкая, Н.М. Способ получения сложных удобрений [Текст] / Н.М. Бризицкая, В.Г. Казак, П.В. Классен, А.С. Малявин // Патент РФ №2223933, опубл. 20.02.2004. Бюл. №5.

Материал редакцияга 29.05.17 түсті.

Н. Томанов¹, М.С. Сагаев¹, А. Шолак², В. Мырзахметов²

¹Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан

²Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ПОЛУЧЕНИЕ МИНЕРАЛЬНЫХ УДОБРЕНИЙ ПУТЕМ ОБРАБОТКИ ФЛОТАЦИОННОГО ОТХОДА АЗОТНОЙ КИСЛОТОЙ

Приведены результаты химического анализа состава флотационного отхода фосфорита Каратау и результаты исследований влияния различных факторов на степень разложения флотационного отхода азотной кислотой.

Ключевые слова: минеральные удобрения, фосфорит Каратау, флотационные отходы, компоненты, степень разложения.

N. Tomanov¹, M.S. Satayev¹, A. Sholak², V. Myrzakhmetov²

¹South-Kazakh State University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan

²Taraz State University named after M.Kh. Dulaty, Taraz, Kazakhstan

OBTAINING OF MINERAL FERTILIZERS BY PROCESSING OF FLOTATION WASTES WITH NITRIC ACID

The chemical composition results of flotation wastes of Karatau phosphorites and research results of different factors influence on decomposition degree of flotation wastes by nitric acid are given.

Keywords: mineral fertilizers, Karatau phosphorites, flotation wastes, components, degree of decomposition.

Технологии легкой промышленности

УДК 675.1.075

М.И. Евтюшкина¹, А.Ж. Амалбекова²

¹Канд. техн. наук, доцент, ²Магистрант

Таразский государственный университет им.М.Х Дулати, г. Тараз, Казахстан

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ВЫРАБОТКИ ЭЛАСТИЧНОЙ КОЖИ С ПОЛУАНИЛИНОВОЙ ОТДЕЛКОЙ ДЛЯ ВЕРХА ОБУВИ ИЗ ШКУР КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА

Представлены результаты проведенного обзора полимерных материалов, применяемых в процессах отделки эластичных натуральных кож. Приведены требования к покрывным материалам для покрывного крашения шлифованных кож. Описаны процессы формирования покрытия на кожах со шлифованной лицевой и естественной поверхностью. Рассмотрены различные методы покрытий эластичной кожи. Изучен ряд полиуретановых дисперсий и возможность их применения в покрывном крашении эластичной кожи из шкур крупного рогатого скота.

Ключевые слова: свойства кожи, пороки, шлифование, пропитывающий грунт, химический состав.

3. Синева, О.В. Разработка внутренней формы детской обуви [Текст]: дисс... канд. техн. наук / О.В. Синева. – М.: МГУДТ, 2003.

Материал поступил в редакцию 05.05.17.

С.Е. Мунасипов, Ж.К. Бердалиев, Е. Кусмухамбетов

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

АЯҚ КИІМ ӨЛШЕМДІК-ТОЛЫҚТЫҚ АССОРТИМЕНТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ

Әртүрлі ұлтты балалар мен жеткіншектердің табандарын антропометриялық зерттеулер нәтижелері келтірілген. Орыс ұлтты балалар мен қаздардың табандарының ұзындықтары қазақтардікінен 2-3 нөмірге үлкен болғандығы анықталған. Осы айырмашылықтарды аяқ киімнің өлшемдік-толықтық ассортиментін жасау кезінде есепке алу ұсынылады.

Түйін сөздер: антропометрия, аяқ киім пішіні, табан ұзындығы, аяқ киім көмірі, өлшемдік-толықтық ассортимент.

S.E. Munasipov, Zh.K. Berdaliyev, E. Kusmukhambetov

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

INVESTIGATION OF FACTORS INFLUENCING THE FORMATION OF THE DIMENSIONAL-COMPLETE ASSORTMENT OF SHOES

The results of anthropometric studies of the feet of children and adolescents of different nationalities are presented. It is established that the length of the foot of boys and girls of Russian nationality is 2-3 numbers more than that of Kazakhs of the same age. It is suggested that these differences be taken into account when developing a full-size range of footwear.

Keywords: anthropometry, internal form of footwear, foot length, footwear number, dimensional-complete assortment.

Технологии текстильной промышленности

ӘОЖ 677.826

У.Е. Манапбаева¹, Г.А. Касымова², Д.Т. Саржанова²

¹Магистр, аға оқытушы, ²Магистр, оқытушы

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

Электрондық пошта: ¹manapbaeva82@mail.ru, ²kasymova.galiya@mail.ru,

²dinusi_90@mail.ru

ТЕКСТИЛЬ ӨНДІРІСІНДЕГІ НАНОМАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ МИКРОСКОПТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нанотехнология бойынша текстильді материалдар өндірісінің жетістіктері туралы мәліметтер берілген. Құрамына нанобөлшектер енгізілген химиялық талшықтардың қасиеттері анықталған. Нанотехнология бойынша өндірілген «ақылды маталардың» қасиеттері қарастырылған. Наноматериалдарды зерттеуде электронды микроскопты қолдану тиімділігі талқыланған.

Түйін сөздер: нанотехнология, наноматериалдар, ақылды текстиль, электронды микроскоп.

Текстиль өнеркәсібінде нанотехнология бойынша материалдар өндіру келешегі бар салалардың бірден бірі болып табылады. Нанотехнология – бұл адамның көзіне көрінбейтін майда бөлшектерді белгілі бір ретке келтіре отырып, оның ерекшеліктерін алдын-ала белгілеп беру арқылы әлдебір құрылымды қарастыруға қажетті жекелеген атомдарды орналастыру. Наноматериалдардың негізінде текстиль өндірісінде су сіңірмейтін, ластанбайтын, жылу өткізгіш, электр өткізетін және басқа қасиеттерге ие материалдар дайындауға жаңа мүмкіндіктер туды. Наноматериалдардың құрамында наноталшықтар, нанобөлшектер және басқа да қоспалар бар.

Текстиль саласында нанотехнологияларды меңгеру – бұл құрал-жабдықтарды, өңдеу материалдарының жаңа шығарушы үлгілерін жасауды, наноэмульсияларды тұрақтандыру және өңдеумен әсерлерінің жаңа түрлері бар текстиль материалдарының сапасын бақылау мәселелерін шешуді талап етеді. Әрине, бұл үлкен материалдық шығындарды қажет етеді, бірақ жаңа материалдарды өндіруге мүмкіндік беретін ғылыми ауқымды технологияларды енгізу текстильдегі басым бағыт болып табылады. Сондықтан, елімізде «ақылды текстильге» қомақты инвестициялар салынууда. Сонымен қатар, нанотехнологиялық зерттеулерді жүргізетін зертханалар бой көтеріп, арнайы ғылыми ұжымдар құрылууда [1].

Нанотехнология саласы енді ғана дамып келе жатқанымен, оның жемістері әскери, әуе және космонавтика салаларында баяғыдан бері қолданылып келеді. Бірақ, құпиялық жағдайға байланысты, бұл технология туралы ақпарат тек ғалымдар мен әскери басшыларға ғана белгілі болатын.


Кейінгі кездерде алынған нанотехнология нәтижелерін өндірісте (медицина, электроника, ауыл шаруашылығы, машина құрастыру т.б.) көптеп қолдану мүмкіндігінің ашылуына байланысты, алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттерде көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілумен қатар, сол зерттеулерге байланысты қолданылатын техникалар өндіріліп жатыр. «Ақылды талшықтар» өндірісін дамытуда жұмыстар негізінен екі түрлі бағыттарда жүргізіледі: колористикалық және интеллектуалдық.

Колористикалық бағытындағы жұмыстар ерекше түстік эффектілері бар киімдер ұсынатын сәнді дамытудың жаңа түрлерімен байланысты. Бұл тәсілдің мәні мата өндірісінде фото-, термо- және гидрохромдық бояғыштарды қолдануда болып табылады. Мұндай бояғыштармен боялған маталар су, жылу, жарық әсерінен түсін хамелеон тәрізді өзгертіп тұрады.

«Ақылды текстиль» дамытудың интеллектуалды тәсілі – текстиль материалдарын қолдану аясын кеңейтетін, жаңа қасиеттерге ие материалдар алуды қамтамасыз ететін технологияны құру болып табылады.

Текстиль өнеркәсібінде наноталшықтарды әртүрлі заттардың пішіні бойынша ерекшеленетін нанобөлшектермен әдеттегі талшыққұраушы полимерлерді толтыру немесе ультра жіңішке талшықтарды жасау жолымен өндіруге болады. Нанобөлшектермен толтырылған талшықтар 1990 жылдан бастап өндіріле бастаған. Мұндай талшықтар аз отырғыш, жану қабілеттігі төмен, үзілуге және үйкеліске беріктігі жоғары және енгізілген нанобөлшектердің түріне байланысты адамға қажетті басқа да қасиеттерге ие.

Талшықтарға енгізілетін толықтырғыштар ретінде бір немесе бірнеше қабырғалары бар көміртекті нанотүтікшелер кеңінен қолданылады. Нанотүтікшелермен толтырылған талшықтар ерекше қасиетке ие болады, олардың беріктігі 6 есеге дейін артады. Талшықтарға көміртегі нанотүтікшелерін 5-20% енгізу – оларға электрөткізгіштік қасиетін және көптеген реагенттерге химиялық тұрақтылық қасиетін береді (1-сурет).



Сурет 1. Нанотүтікшелер енгізілген наноталшық

Қазіргі таңда осындай наноталшықтар жарылғыш заттардан, электромагниттік сәулелерден қорғайтын киімдер мен жамылғылар өндіруге қолданылуда. Химиялық талшықтарды глинозем нанобөлшектерімен толтырғанда олар өте бағалы және пайдалы қасиеттерге ие болады. Глинозем нанобөлшектері ұсақ үлпектер түрінде жоғары электр және жылу өткізгіштікті, химиялық белсенділікті, УФ сәулелерінен қорғанысты, оттан

қорғанысты және жоғары механикалық беріктікті қамтамасыз етеді. Құрамында глинозем нанобөлшектері бар полиамид талшықтарының үзілу салмағы 40%-ға, ал иілуге беріктігі 60%-ға жоғарылайды. Полипропилен талшықтары құрамына глинозем нанобөлшектерін 15% енгізу, оларды әртүрлі кластағы бояғыштармен бояп, қанық өнді түстерді алуға мүмкіндік береді. Нанобөлшектермен талшықтарды толтыру нәтижесінде талшықтар келесі қасиеттерге ие болады: фотокаталитикалық белсенділік, УФ қорғаныстық, микробтарға қарсылық, электрөткізгіштік, ластануды итергіштік қасиет, әртүрлі химиялық және биологиялық шарттарда фотототықтырғыш қабілеттілік. Наноталшықтар өндірісінде тағы бір қызықты бағыты – талшықтарға нанобөлшектермен саңылаулық құрылым беру болып табылады. Бұл технологияда үлестік салмағы бірден төмендейді, жылу бөлгіштік және жарылуға тұрақтылық қасиеті жоғарылайды. Талшықтарда түзілген наносаңылаулары әртүрлі функционалдық белгідегі қатты, сұйық және газ түріндегі заттармен толтырылуы мүмкін [2].

Қазіргі таңда шет елдерде ерекше физикалық-механикалық қасиеттері бар, өрмекші құрылымына ұқсас, ақуызды синтетикалық талшық алу жұмыстары жүргізілуде. Ақуыздар ретінде басқа өнімдерді (микроағзаларды, өсімдіктерді) қолданып, қалыңдығы шамамен 100 нм полимерлік ақуызды наноталшық алынған. «Өрмекті жібектің» қолдану аясы кең: хирургиялық жіптерді, өте берік броньді жейделер, жеңіл қармақтар, балық аулау құралдарын жасауда қолданылады.

Мата өндірісінде және оны өңдеудегі соңғы қадам – нанотехнологияны қолдану болып табылады. Нанотехнология көмегімен матаны өңдеу мынадай жағдайларда қолданылады:

- өңдеудің анықталған параметрлері қажет кезде;
- өңдеуде қажетті жаңа әсер алу үшін;
- өндірістің сенімділігі қажет кезде қолданылады.

Нано өнімдер – бұл мата бетінде микроқұрылымды ұйымдастыратын өлшемі 10 нм-ден кіші бөлшектер. Өте кішкентай бөлшектер талшық ішкі құрылысына терең еніп, ультражіңішке және абсолютті біртекті қабатты құрып мата бетін жабады [3].

Қазіргі таңда матаны өңдеуде су-май жұқпайтын әсерді беруде нанотехнологияны қолдануда (2-сурет).

Осындай өңдеудің көмегімен мата мынадай қасиеттерге ие болады:

- су және май жұқпайды;
- ылғал мен құрғақ тазалаудың жоғарғы деңгейі;
- матаның жұмсақтығы, тіпті оған пигменттер жағылған жағдайда да;
- аз қыртыстану қасиеті.



Сурет 2. Су және май жұқпайтын қасиетке ие наноталшықты мата

Талшық қоспасынан жасалған текстиль материалдардың ролін күшейту олардың табиғи және химиялық талшықтың тұтынушылық (физикалық-механикалық), гигиеналық және эстетикалық қасиеттерін жақсарту мақсатында құрамдарын біршама кеңейту жалғасуда. Өңдеу өндірісінде біршама экономикалық және экологиялық технологиялармен жасалған жаңа немесе дәстүрлі қасиетті алуға мүмкіндік беретін жоғарғы технологиялар (био-, ақпараттық, сәулелік, радиациялық, плазмалы, фотохимиялық, лазерлі, СВИ) жүргізіледі.

Сонымен қатар, хош иісті маталарды шығару идеясы сән әлемінде бұрыннан пайда болған. Бірақ, маталардың иісі қатты күшті немесе тез ұшып кететін. Осыған орай, ұзақ уақытқа сақталатын жұмсақ, жағымды парфюммен хош иісті текстильді материалдар шығарыла бастады.

Қазіргі заманауи «сандық» технологиялармен үйлесімді жұмыс істейтін электронды құрылғылар – осы нанотехнологияның жемісі.

Нанотехнологияларды дамыту мақсаты айқындалып, мемлекет басшысының жетекші он жоғары оқу орындарында инженерлік зертханалар құру тапсырмасына байланысты мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, зертханалар электронды микроскоптар, спектрометрлер және т.б. құралдармен жабдықтала бастады. Осындай құрылғылардың бірі М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-нің «Наноинженерлік зерттеу әдістері» зертханасында орнатылған «JEOL» жапон фирмасының JSM-7500F растрлі электронды микроскобы болып табылады.

Аталған растрлі электронды микроскоп зертханада текстиль материалдарын зерттеу жұмыстарында да қолданылып келеді. Наноталшықтар мен наноматериалдарды зерттеу барысында электронды микроскопты қолданудың тиімділігі жоғары болып табылады (3-сурет).




Сурет 3. JSM-7500F растрлі электронды микроскобы

Қазіргі электронды микроскоптың көрсеткіштік қабілеті өте жоғары, яғни 0,1-0,3 нм-ге дейін жетеді. Электрондық микроскоптың құрылыс принципі жарық микроскопына ұқсас, сәулелерінің ролін электр тогымен қыздырылған вакуумда орналасқан V пішінді фольфрам жібі электрондар тасқынының қызметін атқарады, әйнек линзаларының орнында электрмагниттік линзалар орналасқан. Жарық микроскопының объективі мен окулярының орнына электрондық микроскоптың магниттік катушкалары сәйкес келеді [4].

Электронды микроскоптарда жарықтың орнына электрон сәулелері қолданылады, осыған байланысты қолданылатын қуаттың күші 50-100 кВт-қа дейін барады, ал толқын ұзындығы неғұрлым қысқа болса, микроскоптың

көрсеткіштік қабілеттілігі солғұрлым артатыны белгілі. Осыған байланысты электронды микроскоптардың көрсеткіштік қабілеттілігі 1-7А, ал үлкейткіштік қабілеттілігі 600 000 дейін жетеді. Электронды микроскоптың көмегімен қалыңдығы 400-600 А затты көруге болады [5].

Электрон сәулелері препарат арқылы өткенде үлгінің үлкейтілген көлеңкесі экранға түседі. Мәселен, төмендегі 4-суретте целлюлоза талшығының микросуреті берілген.



Сурет 4. 500 есе үлкейтілген целлюлоза талшығының микросуреті

Электронды микроскоппен талшықтарды және наноталшықтарды зерттеу барысында талшық бетінің күйін өзгерте отырып, оның сорбциялық және адгезиялық қасиеттеріне әсер етуге болады. Талшық бетінде неғұрлым микроқуыстар мен жарықтар көбірек пайда болса, солғұрлым талшық бетінің өңдеу препаратын көбірек адсорбтау мүмкіндігі болады. Талшық бетінің күйі оның адгезиялық қабілетіне әсер етеді [5].

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей электронды сканерлеуші микроскопты пайдалану целлюлозды талшықтың бетіндегі өзгерістерді ғана емес, сонымен қатар оның пішінін визуальды бағалауға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, наноталшықтар текстиль талшықтарының біршама қасиеттерін арттырады:

- нанобөлшектер талшықтардың жоғары электрлік және жылу өткізгіштік, химиялық белсенділік, УФ сәулелерінен қорғаныс, оттан қорғаныс және жоғары механикалық беріктік қасиеттерін қамтамасыз етеді;

- фотокаталитикалық белсенділік, микробтарға қарсылық, ластануларды итергіштік қасиет, әртүрлі химиялық және биологиялық шарттарда фотототықтырғыш қабілеттілікке ие болады.

Наноталшықтардың құрылымын электронды микроскоппен зерттеу нәтижесінде талшықтардың наноөлшемді кеуектері мен саңылаулық құрылымы талшықтардың үлестік салмағын бірден төмендетеді, жылу бөлгіштік және жарылуға тұрақтылық қасиетін жоғарылатады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Балабанов, В.И. Нанотехнологии [Текст] / В.И. Балабанов. – М., 2009
2. Анциферов, В.Н. Новые материалы [Текст] / В.Н. Анциферов, Ф.Ф.Бездудный, Л.Н. Белянчиков. – М., 2002.
3. Воробьев, Л.Е. Оптические свойства наноструктур [Текст] / Л.Е. Воробьев. – М., 2001.
4. Каменек, Л.К. Введение в нанотехнологии [Текст] / Л.К. Каменек, Г.Т. Брынских. – М., 2008.
5. Миронов, В.Л. Основы сканирующей зондовой микроскопии [Текст] / В.Л. Миронов. – М., 2005.

Материал редакцияға 24.04.17 түсті.

У.Е. Манапбаева, Г.А. Касымова, Д.Т. Саржанова

Таразский государственный университет имени М.Х.Дулати, г. Тараз, Казахстан

**ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ЭЛЕКТРОННОЙ
МИКРОСКОПИИ ДЛЯ ИССЛЕДОВАНИЯ НАНОМАТЕРИАЛОВ
В ТЕКСТИЛЬНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ**

Приведены сведения о достижениях в области производства текстильных материалов по нанотехнологии. Определены показатели свойств химических волокон с внедрением наночастиц. Рассмотрены особенности свойств «умных тканей», выработанных по нанотехнологии. Рассмотрены возможности эффективного применения электронной микроскопии при исследовании наноматериалов.

Ключевые слова: нанотехнология, наноматериалы, умный текстиль, электронный микроскоп.

U.E. Manapbaeva, G.A. Kasymova, D.T. Sarzhanova

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

**EFFECTIVENESS OF THE USE OF THE ELECTRON MICROSCOPE
FOR THE TRIALS OF NANOMATERIALS USED IN TEXTILE
INDUSTRY**

The information about the achievements in the field of textile materials on nanotechnology. Indices properties of chemical fibers with the introduction of nanoparticles. The features of the properties of "smart fabrics" developed on nanotechnology. The question of the effectiveness of the use of the electron microscope in the study of nanomaterials.

Keywords: nanotechnology, nanomaterials, smart textiles, electronic microscope.

Транспортные технологии

ӘОЖ 656.025.4

М.Д. Аязбай¹, Р.М. Бекенов², М.С. Салыбаева³, М.С. Әділбек⁴

¹Техн. ғылымдарының канд., доцент, ²Магистр, аға оқытушы,
³Магистр, оқытушы, ⁴Магистрант

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан
Электрондық пошта: ²bekenov.ruslan@mail.ru

ЖҮК ТАСЫМАЛДАУ ТІЗБЕГІН ЫҚТИМАЛДАУ МЕН ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ АМАЛДАРЫ

Жүк тасымалдауды басқару кезінде қызмет көрсету ерекшеліктері айқындалып, тасымалдау қызметінің сапасын арттыруға бағытталған тиімді басқару жүйесі қарастырылған.

Түйін сөздер: автомобиль, тасымалдау, жүк, жылжымалы құрам, тиеу-түсіру.

Автомобиль көлігіндегі құбылыстар мен процесстерді зерттеуде бақылау бірлігін бекіту керек, яғни бақылау жүргізу кезінде белгілері тіркелетін массалы құбылыстар элементін анықтап алады. Жүк тасымалдауды зерттеуде бақылау бірлігі автомобильдің жүкпен жүруі болып табылады, ал таксомоторлы тасымалдауды зерттеуде жұмыс істеуші – көлік-такси. Сондықтан бақылау бірлігінен ақпараттық бірлікті айыра білу керек [1].

Ақпараттық бірлік – жалпы алғанда айқындалған нәтиже алу үшін есептеу мәліметтерін сомалау жүргізілетін шаруашылық бірлігі.

Барлық ақпараттық бірліктер жоғарыда тұрған ұйымдарға өзінің жұмысы жайлы ақпарат беріп отыруға міндетті.

Жүктерді тасымалдау көлемі, мерзімі бойынша тасылған жүктердің ортақ салмағымен өлшенеді, ол салмақ нетто массаның және жүктің ыдыс массасынан тұрады. Жүк тасымалдаудағы көлік жұмысы көлемі тасымалданған жүк санынан және орналасу ара-қашықтығына байланысты, ол тонна-километр шамасымен өлшенеді. Түсіру-тиеу операцияларын орындауда жұмыс көлемі тоннамен өлшенеді.

Көліктік-экспедициялық операциялар көлемі тапсырмалар санымен және тоннадағы жүктер санымен өлшенеді. Автомобиль көлігінің жұмысының табиғи көрсеткіштері халық шаруашылығының әртүрлі салаларының қызметін автомобиль көлігі жұмысымен байланысын нығайтуға, сонымен қатар елді-мекендерді жүк және жолаушылар тасымалдауларымен қамтамасыз етуге, мемлекеттің көлік балансында автомобиль көлігінің маңызын айқындауға мүмкіндік береді.

Жеке автокөліктік кәсіпорындар жұмысының жалпы қорытындысын алу үшін кірістің ортақ көлемі сияқты бағалық көрсеткіш қолданылады.

Жалпы алғанда, сала бойынша үш баға көрсеткіші бар: кірістің жалпы көлемі, жалпы өнім және таза өнім.

Жүк тасымалдау көлігі негізгі екі көрсеткіш бойынша сипатталады: тасымалданған жүктің көлемі және жүк айналымы [1].

Тасымал көлемі Q – тоннамен өлшенеді, ол белгілі уақыт ішінде тасымалданған немесе тасымалдауға тиіс жүктің салмағын көрсетеді.

Жүк айналымы P тонна-километрмен (т.км) өлшенеді және жүктерді бір орыннан екінші орынға тасымалдағанда немесе тасымалдау керек болған жағдайда, белгілі уақытта атқарылатын жұмыс көлемін көрсетеді. Автокөлік мекемесінің тасымалданған жүк көлемі жүк тасымалдау айналымына қабылданған жүктердің түрлері мен мөлшері бойынша анықталады. Мұны тасымалдау мен жүк айналымының құрылымы деп атайды. Автокөлікті пайдалану көрсеткіштері көптеген сыртқы және ішкі факторларға байланысты. Солардың негізгілерінің бірі тасымалдауға қабылдаған жүктердің түрлері болып табылады. Сонымен қатар тасымалдау арақашықтағы да автомобильді пайдалану тиімділігіне әсер етеді.

1-кестеде тасымалдау тиімділігін анықтау үшін олардың мөлшері көрсетілген [2].

Кесте 1

Тасымалдау тиімділігін анықтаудың мөлшері

Жүктер	Тасымалдау көлемі			Жүк айналымы	
	Мың тонна	Барлық көлемдегі үлес салмағы, %	Қашықтығы, км	Мың т.км	Жалпы жүк айналымындағы үлес салмағы, %
Темір бетон бұйымдар	60,0	15,0	18,0	1080,0	20,1
Цемент (ұнтас)	42,2	10,6	20,0	848,0	15,8
Металл	33,2	8,3	10,0	332,0	6,2
Ағаш және ағаш материалдар	44,0	11,0	16,0	704,0	13,1
Топырақ	106,0	26,5	5,0	530,0	9,8
Мұнай өнімдері	52,0	13,0	11,0	572,0	10,6
Астық	29,2	7,3	30,0	876,0	16,3
Контейнердегі жүктер	20,8	5,2	15,0	312,0	5,8
Басқа	12,4	3,1	10,00	124,0	2,3
Қорытындысы	400,0	100,0	13,4	5378,0	100,0

Құрылым тасымалдаудың сандық және сапалық сипаттамасын, әрі жүктің тасымалданған мөлшерін, оның жалпы тасымалданған жүк шамасымен жүк айналымындағы үлес салмағын көрсетеді.

Тасымалдау көлемін анықтаған кезде, бір жүктің бірнеше рет тасымалдануы мүмкін екенін (әсіресе қалалық жерлерде) ескеру керек. Бұл көптеген жүктің өндірілген жерден, бірден, тұтынушыға жеткізілмей, арасында жөнелтушінің, тасымалдаушының, жүк қабылдаушының, немесе

қосымша өңдеу үшін бір цехтан екіншісіне тасымалдану мүмкіндігінен туындайды.

Мұндай қайталап тасымалданатын өнеркәсіп тауарлары, тағам өнімдері сауда орындарына, тұтынушыларға жеткізілгенше осындай қайталап тасымалдаулар орын алады. Бұл тауарларды, әсіресе, теміржол, су жолы немесе әуе жолдарымен тасымалдаған кезде, оларды әуелі теміржол бекеттеріне, айлақтардан, әуе-жайлардан сауда қоймаларына жеткізіледі.

Жүктің қайталанып тасымалдануына байланысты тасымалданудың көлемі, іс жүзінде өндірілген немесе тұтынылған жүктің санынан көп болуы мүмкін. Ол қайталанып еселеуші көлемінің іс жүзінде жүктің өндірілген немесе тұтынылған санына қатынасын көрсетеді. Егер құрылыс қажеті үшін 15 мың т жүк тасымалдауы тиіс болса, олардың ішінде түрлі әрлеу жалпы тазалық-техникалық материалдары бар делік. Солардың 6 мың тоннасы 1 рет, 5 мың тоннасы 2 рет, 4 мың тоннасы 3 рет тасымалданған. Бұл жағдайда тасымалданған жүктің көлемі мынадай болады: $6,0 \cdot 1 + 5,0 \cdot 2 + 4,0 \cdot 3 = 28$ мың тонна, ал қайталау еселеуші $K_{кайт} = 28:15 = 1,87$ тең.

Жүкті қайта-қайта тасымалдау, болмаса, қайталаным еселеуші өндірілген жерден тұтынушыға жеткізуді дұрыс ұйымдастыруға тікелей байланысты болады. Жетілдірілген технологияларды пайдалану, бұл еселеушінің неғұрлым аз болуын көздейді [3].

Бір жүкті бірнеше рет қайталап тасымалдау, жүк тасымалдаудың шығынын көбейтіп, өзіндік құнын өсіреді. Оның халық шаруашылығы үшін кері әсері көп. Тасымалдау шығынын азайту үшін, тасымалдау тәсілін үйлесімді етіп алу маңызды. Өндірілген заттың тұтынушыға жеткенге дейінгі жолында тиіп-түсіру, сақтау қоймалары мүмкіндігінше аз болғаны дұрыс.

Құрылыс материалдары, жабдықтар тасымалданып жеткізілген көліктен бірден құрылысқа беріліп, жинап-құрастыруға қабылдануы тиіс. Мысалы үйдің керегелерін құрылыс алаңына жеткізген соң көліктен алып, жинап қоймай, тиеселі орнына бірден орналастыру немесе тыңайтқышты тасымалдап әкелген көліктен бірден топыраққа сіңіру машиналарына беру өте тиімді.

Өнеркәсіп және азық-түлік тауарларын өндірушіден бірден сауда орындарына жеткізу ұтымды болмақ. Жүк тасымалдаудың орындалу, игерілу мерзіміне қарай жүк тасымалдау көлемі сағаттық, тәуліктік, айлық, тоқсандық және жылдық болып бөлінеді.

Жылдық тасымалдау көлемі мен жүк айналымы әдетте біркелкі болмайды. Әр айда, әр тоқсанда бұл мөлшер әртүрлі. Бұл ауытқулар автокөлік мекемелері қызмет көрсететін өндірістердің ерекшеліктеріне байланысты. Әсіресе, ауылшаруашылық өндірісінде анық байқалады, мұнда, жазғы-күзгі және қысқы тасымалдау жұмыстарының мөлшері арасындағы айырмашылықтар айтарлықтай. Тасымалдаудың маусымдылығына сол жердің табиғаты мен ауа-райының да әсері мол болады (қыста қардың қалың болуы, жолды мұз басып көктайғақ болуы, күздегі жауын-шашынның молдығы және т.б.) [4].

Тасымалдау деңгейінің бір қалыпсыздығын, қалыпсыздық көрсеткішімен анықтайды. Ол тасымал көлемінің ең жоғары мәні Q_{max} мен жүк айналымының ең жоғарғы мәнінің P_{max} , олардың белгілі уақыт аралығындағы орташа мәндеріне $Q_{орт}$ және $P_{орт}$ қатынасын көрсетеді:

$$\eta_{\text{бQ}} = Q_{\text{max}} / Q_{\text{opt}} ; \quad \eta_{\text{бP}} = P_{\text{max}} / P_{\text{opt}} .$$

Мысалы 1-тоқсанда 40 мың т жүк тасымалданып, жүк айналымы 480 мың т.км; 2-тоқсанда, сәйкесінше, 47 мың т және 705 мың т.км; 3-тоқсанда оның жылдық орташа мөлшері тасымалданған жүк пен жүк айналымы бойынша мынадай болады:

$$Q_{\text{opt}} = (40 + 47 + 62 + 54) : 4 = 50 \text{ мың тонна.}$$

$$P_{\text{opt}} = (480 + 705 + 620 + 714) : 4 = 630 \text{ мың т.км.}$$

Бұдан біркелкісіз еселеуіштері ретінше мынадай болады:

$$\eta_{\text{opt}} = 62 : 50 = 1,24 ; \quad \eta_{\text{бp}} = 714 : 630 = 1,13 .$$

Осыдан біркелкісіз еселеуіштері, жылжымалы құрамды бірқалыпты пайдалануды қиындатады, бұл автокөлік иесінің жұмысын қиындатады, халықтың тұтынуы мен көлік иесінің жүк тасымалдау мүмкіндігі арасында сәйкессіздік пайда болады. Ол сәйкессіздікті жою үшін қосымша жылжымалы құрамдарды тартуға тура келеді. Бұдан жүк тасымалдау мерзімі ұзарады.

Жүк тасқыны – белгілі мерзім ішінде бір бағытта тасымалданған жүктің саны. Жүкті автомобильмен тасымалдаудың өндірістік барысы жүкті уақытылы және керекті мөлшерде, бір орыннан екінші орынға жеткізу.

Жүк тасымалдайтын автошаруашылықтың жұмыс барысы мынадай элементтерден құралады:

- жүкті тасымалдауға дайындау, жылжымалы құрамға (ЖК) тиеу, жүк тиелген жылжымалы құрамның жүкті алған жерден апаратын жерге жеткізуі, жүкті түсіру және алушыға өткізіп беру, жылжымалы құрамды жүк тиейтін кезекті орынға беру.

Жылжымалы құрамның жұмысына, жолға шығу және барып қайта оралу сияқты циклдар кіреді. Жылжымалы құрамның жұмысын жоспарлау, есептеу және талдау үшін, олардың өзіне тән жұмыс қорытындысының көрсеткіші, жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіші болады.

Жылжымалы құрамның жұмыс қорытындысының көрсеткіші ретінде, $n_{\text{ш}}$ -жолға шығу санын; $L_{\text{ж}}$ -жүкпен жүрген жолын; $L_{\text{б}}$ -барлық жүрген жолын; тасымалдаған барлық жүктің салмағын Q тонна және жүк айналымын P тонна-километрді алады.

Жылжымалы құрамды пайдалану деңгейінің көрсеткіші ретінде оның техникалық және технологиялық мүмкіншіліктерін қалай пайдаланғандығын көрсетеді [5].

Ол үшін, жылжымалы құрамның техникалық даярлық еселеуіші $\alpha_{\text{мдi}}$ - жылжымалы құрамды жолға шығару еселеуіші- $\alpha_{\text{шi}}$; жылжымалы құрамның жүк көтерімділігін пайдалану еселеуіші - γ ; жылжымалы құрамның жүрген жолын пайдалану еселеуіші - β ; жүрген жолдың орташа қашықтығы - $L_{\text{жсo}}$; жүкті тасымалдаған жолдың орташа қашықтығы - $L_{\text{тжсo}}$; $t_{\text{тT}}$; тапсырмамен жүрген уақыты- T_{T} ; жылжымалы құрам қозғалысының

техникалық жылдамдығы $-U_T$ және эксплуатациялық жылдамдығы $-U_{\text{Э}}$ деген көрсеткіштер қолданылады.

Жолға шығу – жүкті жылжымалы құрамға тиеу, оның осы жүкті алып жүруі, жүкті тиісті жеріне апарып түсіруі және жылжымалы құрамды кезекті тиеуге қою сияқты жұмыстардың атқарылуын аяқтау. Бұл бір айналым болады. Айналым дегеніміз – жылжымалы құрамның алғашқы жүк тиеген жерден шығып, тиесілі әрекеттерін орындап сол жерге қайта келуі. Ол бір немесе бірнеше рет қайталануы мүмкін. Бұл мәселеде жүрер жол бағдарын таңдай білу өте тиімді. Жылжымалы құрамның әрқайсысы жеке немесе бүкіл парк жұмысын бағалау мен талдау, атқарылған жұмыстың техникалық-пайдалану сипатының көрсеткіші арқылы жасалады.

Жылжымалы құрам паркі дегеніміз – автошаруашылықтардың, автомобильдердің, автомобиль сүйреткіштердің, тіркемелердің, жартылай тіркемелердің жиынтығы.

Оларды, парктік тізім құрамы A_T деп атайды. Ол жылжымалы құрамның шаруашылық есебінде тұратын жалпы саны. Мұндағы жылжымалы құрам түрі, маркасы және саны бойынша сипатталады.

Тізімде тұратын жылжымалы құрамды (ЖК) техникалық түріне қарай:

$A_{\text{ЭД}}$ -пайдалануға техникалық жағынан даяр жылжымалы құрамдар;

$A_{\text{ТКЖ}}$ -жылжымалы құрамның кезекті техникалық қызмет көрсету мен жөндеуде тұрғандар деп бөледі.

Сонымен, автошаруашылықтың тізімінде тұрған жылжымалы құрамды былай өрнектеп көрсетуге болады [6]:

$$A_{\text{ЭД}} = A_{\text{Э}} + A_{\text{Б}} \quad (1)$$

Осыдан, автошаруашылықтың есебінде тұрған барлық жылжымалы құрамды, келесідей өрнектейміз:

$$A_T = A_{\text{ЭД}} + A_{\text{Б}} + A_{\text{ТКЖ}} \quad (2)$$

Жылжымалы құрам паркін, белгілі кезеңде есепке алып отыру үшін автомобиль күн деген көрсеткішті қолданылады.

Себебі, автошаруашылықтың тізімінде тұратын жылжымалы құрамның пайдалануға даярлығы, жұмыста жүрген, бос тұрған және техникалық қызмет пен жөндеуде тұрғандардың саны үнемі өзгеріп отырады.

Жоғарыда келтірілген өрнектерге ұқсас, оларды да былай жазуға болады:

$$AK_T = AK_{\text{ЭД}} + AK_{\text{ТКЖ}}; \quad AK_{\text{ЭД}} = AK_{\text{Э}} + AK_{\text{Б}} \quad (3)$$

және

$$AK_T = AK_{\text{Э}} + AK_{\text{Б}} + AK_{\text{ТКЖ}} \quad (4)$$

мұндағы: AK_T – тізім бойынша автомобиль (жылжымалы құрам) күн; $AK_{\text{ЭД}}$ – пайдалануға даяр автомобиль күні; $AK_{\text{ТКЖ}}$ – автомобильдердің (жылжымалы құрамның) техникалық күтім мен жөндеуде тұрған автомобиль күні;

Қолда бар жылжымалы құрам қалай пайдалануда, оның орындаған жұмысы қандай, пайдасы мен зияны қаншалық деген сұрақтардың жауабын

табу үшін бұл көрсеткіштердің маңызы зор. Оларды айқындай түсу үшін мұнда да түрлі еселеуіштер пайдаланылады. Жоғарыда айтылғандардан, жылжымалы құрамдардың техникалық даярлық еселеуіші, автомобильді жолға шығару немесе паркті пайдалану еселеуіші деген және т.б. қосымша ұғымдар пайда болады [7].

Техникалық даярлық еселеуіші дегеніміз – техникалық тұрғыдан пайдалануға даяр автомобиль-күн санының тізімі бойынша, автомобиль күнге қатынасымен анықталады да, былай өрнектеледі:

$$\alpha_T = \frac{AK_{TD}}{AK_T} \cdot \quad (5)$$

Автопарктің бір күндегі даярлығы, сол күнгі техникалық тұрғыдан, пайдалануға даяр автомобильдің санының, тізімдегі автомобиль санына қатынасынамен анықталады:

$$\alpha_T = \frac{A_{TD}}{A_T} \cdot \quad (6)$$

Бір автомобильдің, белгілі бір уақыт ішіндегі техникалық даярлығы, автомобильдің пайдалануға техникалық даяр тұрған күнінің, күн тізбедегі күн санына қатынасымен анықталады:

$$\alpha = \frac{K_{TD}}{K_K} \cdot \quad (7)$$

Жұмысқа шығу – жұмыста болу еселеуіші, сонымен қатар, жоспарлы бос тұру мерзіміне, жол және ауа-райы жағдайларына, тасымалдың маусымдылығына және жұмысын ұйымдастыруға да байланысты. Демалыс және мереке күндері автомобильді жұмысқа шығару, олардың еселеуішін, тиімділігін арттырады.

Техникалық даярлық еселеуішін арттыруға қол жеткізу үшін:

- уақытылы, сапалы техникалық қызмет пен жөндеуден өткізу қажет;
- жөндеудің озық тәжірбиесі саналатын агрегаттық әдісті қолдану тиімді;
- ауысым аралығындағы уақытта, екінші техникалық қызмет ұйымдастыру маңызды;
- техникалық пайдаланудың белгіленген ережесін сақтау керек;
- жүргізушінің өзіне белгіленіп берген көлікті ұқыпты қарауды бұлжытпай орындауы тиіс.

Техникалық даярлығына тасымалданатын жүктің сипаты, тиеу-түсіру жұмыстарының ұйымдастырылуы да зор әсер етеді. Жүктің жылжымалы құрамның үстіне дұрыс орналаспауы, артық жүктелуі техникалық жағдайына кері әсерін тигізеді. Сол сияқты автокөліктің техникалық күйіне жанармайдың сапасы, жүргізушінің тәжірбиесі мен кәсіби деңгейі де ықпал етеді [8].

Автомобиль көлігімен тасымалдау өнеркәсібінде ЖҚ-ның үйлесімді жүк көтерімділігін, сол көлікті жасап шығарған зауыт белгілейді. Үйлесімді жүк көтерімділік автомобильдің құрылысына, оның жүк тасымалдауға пайдалануға бейімделуіне байланысты болады. Үлгісі бірдей автомобильдердің жүк көтерімділігі әртүрлі болуы мүмкін. Ол қорабының құрылысы мен оған қойылған жабдығына байланысты болып келеді.

ЖҚ паркінің есебінде тұратын көрсеткіштердің бірі – парктегі бір ЖҚ-ның орташа жүк көтерімділігі. ЖҚ орташа жүк көтерімділігі автомобиль-тонналардың қосындысын автомобильдің санына бөлу арқылы анықталады:

$$q_{opt} = \frac{\sum A_m \cdot q_y}{\sum A_m}, m \quad (8)$$

мұндағы: ЖҚ-ның үйлесімді жүк көтерімділігі; m-парктің орташа жүк көтерімділігін анықтау үшін бір жолға жүк көтерімділігі автомобиль-тонна-күнді осы мерзімдегі автомобиль-күн санына бөлу керек:

$$q_{opt} = \frac{\sum A_m q_y K}{\sum AK_m}, m \quad (9)$$

Жоғарыда келтірілген өрнек бойынша шығарылған орташа жүк көтерімділігі бар ЖҚ-ның есепте тұру мерзімінің өзгеруіне орай, тура келе бермеуі мүмкін.

Күн тізбектегі кезеңде автопарктегі автомобильдердің саны өзгерген жағдайда, парктің жүк көтерімділігін автомобиль-тонна күнмен анықтау үшін, автомобиль санын, оның жүк көтерімділігіне және автомобиль паркте болған күніне көбейту керек. Есеп автомобильдің әр түріне жеке есептеліп, шыққан сандарды қосады. Сонымен, парктің автомобиль-тонна-күнмен есептелген бір жолғы жүк көтерімділігін табу үшін, парктегі барлық автомобильдің әр маркалары бойынша анықталған әр автомобиль-тонна-күн есебімен алынған жүк көтерімдіктерін қосады. ЖҚ-ның жүк көтерімділігін жүк көтерімділік еселеуіші арқылы анықтауға болады. Жүк көтерімділік еселеуіші статистикалық және динамикалық болып екіге бөлінеді. [9]

ЖҚ-ның статистикалық жүк көтерімділік еселеуіші γ_c нақтылы тасымалданған жүк санының Q_n , оның үйлесімді жүк көтерімділігіне қатынасы арқылы анықталады. Оны мына өрнек арқылы көрсетуге болады:

$$\gamma_c = \frac{Q_n}{q_y n_{ш}}; \quad (10)$$

мұндағы: $q_y n_{ш}$ – үйлесімді жүк көтерімділік толық пайдаланылған жағдайда, тасымалдануға тиісті жүктің тоннамен алынған саны.

Жүктің көтерімділігінің динамикалық еселеуіші нақтылы орындалған жүк айналымының, тонна-километрмен алынған санының, үйлесімді жүк көтерімділігін толық пайдаланғанда орындалуға тиіс жүк айналымның тонна-километрмен алынған санына қатынасты бөлу арқылы анықталады да, былай өрнектеледі:

$$\gamma_c = \frac{P_n}{q_y L_{жж} n} = \frac{P_n}{q_y L_{ж}}; \quad (11)$$

мұндағы: P_n -нақтылы орындалған тонна-километр саны; $L_{ж}$ -жүкпен жүрген барлық жолдың ұзындығы, км.

Статистикалық және динамикалық жүк көтерімділік еселеуіштерінің ЖҚ-ның бір рет шыққандағысын былай көрсетуге болады:

$$\gamma_c = \frac{q_H}{q_y}; \quad (12)$$

және

$$\gamma_c = \frac{q_H \cdot L_{жж}}{q_y L_{жж}} = \frac{q_H}{q_y}; \quad (13)$$

ал, бір күндегі немесе бір ауысымдағы осы еселеуіштерді былай көрсеуге де болады:

$$\gamma_c = Q / q_y n = \sum_{qH} / q_y n_{ш} \quad (14)$$

және

$$\gamma_d = P_H / P_y = P_H / q_y L_{жж} = \sum_{qH} L_{жж} / q_y \sum L_{жж} / q_y \sum \quad (15)$$

бір күнде (ауысымда) осы еселеуіштер пен екі жағдайда ғана бірдей болады:

а) әр шыққанда нақтылы тасымалданатын нақтылы жүктің саны тұрақты болғанда ($qH = const$):

$$\gamma_c = \frac{q_H L_{жж1} + q_H L_{жж2} + \dots + q_H L_{жжn}}{q_y L_{жж1} + q_y L_{жж2} + \dots + q_y L_{жжn}} = \frac{q_H E L_{жж} L}{q_y E L_{жж} L} = \frac{q_H}{q_y}; \quad (16)$$

демек, $\gamma_d = \gamma_c$.

ә) барлық жүк бірдей қашықтыққа тасымалдағанда қалған барлық жағдайда олардың мәні бірдей болмайды [10].

Жылжымалы құрамның өнімділігінің артуы, оның жұмысындағы әрбір элементтерін жете біліп, олардың көрсеткіштерінің жоғары болуын дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Ол үшін, ЖҚ-ның жүк көтерімділігіне қандай себептер әсер ететін білу, оларды қалай арттырудың жолдарын таңдау, қисынды мүмкіндіктерін қарастыру керек.

Тасымалданатын жүктің көлемдік массасы нақты әр жүктің физикалық қасиетіне байланысты болады. Тығыздығы төмен жүктердің көлемдік массасы аз. Ондай жүктерді тасымалдау кезінде, мүмкіндігінше, олардың көлемдік массасын жоғарылату үшін, оларды қысып тығыздайды. Мысалы: мақта, жүн, газ және т.с.с. жүктер.

Сонымен қатар ЖҚ-ның жүк көтерімін ұлғайту үшін, бос пішенді, сүрлемге салуға, орып туралған көк балаусаны тасымалдауға арналған көліктердің қораптарының жақтауын өсіріп, биіктетеді. Тұрқы ұзын, кеукеу заттарды тасымалдау үшін, оларға тіркемелер жалғайды. Мүмкіндігінше, ені мен биіктігін рұқсат етілген шекті мөлшерге дейін жеткізеді.

Бір мекенге апарылатын әр топтағы жүктердің тығыздықтары әртүлі болған жағдайда, оларды бірге тасымалдауға мүмкіндік болса, әуелі көлемдік массасы жеңіл жүктерді орналастырады. Мұндайда олардың бір-біріне зиянын тигізбеу жолдары қарастырылады. Осылайша ЖҚ-ның жүк көтерімділігін арттыруға болады.

ЖҚ-ның тасымалданатын жүктің физикалық-механикалық қасиеттеріне қарай есептеп, дұрыс таңдау, оның жүк көтерімділік еселеуішін мейлінше жоғарылатуға қол жеткізеді. Ондай жағдайда, ЖҚ мен тасымалданатын жүк тасымалдауға қойылатын барлық талаптардың дұрыс орындалуына, тасымалдау кезінде қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына жағдай жасалуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Рэнкин, В.У. Автомобильные перевозки и организация дорожного движения [Текст]: справочник / В.У. Рэнкин, Л. Клаф. – М.: Транспорт, 1981. – 592 с.
2. Мартинов, В.П. Анализ дорожного-транспортных происшествий [Текст]: методическое пособие / В.П. Мартинов, В.Б. Комдин. – М.: ВНИИБД. МВД, 1980. – 79 с.
3. A guide to the project management body of knowledge (PMBOK® Guide). 2000 Project Management Institute, Newton Square, USA.
4. Мазур, И.И. Управление проектами [Текст]: учебное пособие / Под общ. ред. И.И.Мазура. 2-е изд. – М.: «Омега-Л», 2004. – 664 с.
5. Александрова, Т.В. Управление инновационными проектами [Текст]: учебное пособие в 2-х частях / Т.В. Александрова, С.А. Голубев, О.В. Колосова. – СПб: СПбГТУ, 1999. – 100 с.
6. Walker Anthony. Project management in construction: 4th ed. Oxford: Blackwell Science, 2002. – 289 p.
7. Заренков, В.А. Управление проектами [Текст]: учебное пособие / В.А. Заренков. – М.: Изд-во АСВ; СПб.: СПбГАСУ, 2005. – 312 с.
8. Товб, А.С. Управление проектами: стандарты, методы, опыт [Текст] / А.С.Товб, Г.Л. Ципес. – М.: ЗАО «Олимп-Бизнес», 2005. – 240 с.
9. Кремнев, Г.Р. Управление производительностью и качеством. 17-модульная программа для менеджеров «Управление развитием организации» [Текст] / Г.Р. Кремнев. Модуль 5. – М.:«ИНФРА-М», 1999. – 376 с.
10. Салимова, Т.А. Управление качеством [Текст]: учебник по специальности «Менеджмент организации» / Т.А. Салимова. 2-е изд. – М.: «Омега-Л», 2008. – 414с.

Материал редакцияға 20.06.17 түсті.

М.Д. Аязбай, Р.М. Бекенов, М.С. Салыбаева, М.С. Адилбек

Таразский государственный университет им. М.Х.Дулати, г. Тараз, Казахстан

СПОСОБЫ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ И ВЕРОЯТНОСТИ ЦЕПОЧЕК ПЕРЕВОЗКИ ГРУЗА

Рассмотрены особенности управления перевозки груза, а также эффективная система управления качеством грузоперевозок.

Ключевые слова: автомобиль, перевозки, грузовой, подвижной состав, погрузочно-разгрузочные.

M.D. Ayazbai, R.M. Bekenov, M.S. Salybaeva, M.S. Adilbek

Taraz State University named after M.Kh.Dulaty, Taraz, Kazakhstan

METHODS OF IMPROVING EFFECTIVENESS AND PROBABILITY OF CHAINS OF CARGO TRANSPORTATION

Features of cargo transportation management are considered, as well as an effective system for managing the quality of cargo transportation.

Keywords: car, carriage, freight, rolling stock, loading and unloading.

ӘОЖ 629.114.2-112.6:621.43

Е.С. Джилкибаев¹, Р.М. Бекенов², С.У. Кулымбетова³, М.М. Садуақасов⁴

¹Техн. ғылымдарының канд., профессор, ¹Магистр, аға оқытушы,

³Магистр, оқытушы, ⁴Магистрант

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

Электрондық почта: ²bekenov.ruslan@mail.ru, ³mytine2008@mail.ru

ТҰРАҚТЫ ҚУАТ ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ ОРНАТЫЛҒАН ДӨҢГЕЛЕКТІ ЖӘНЕ ШЫНЖЫРТАБАН ТРАКТОРЛАРЫНЫҢ ОРНЫНАН ҚОЗҒАЛУ ҮДЕУІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Тұрақты қуат қозғалтқышы орнатылған дөңгелекті және шынжыртабан тракторының орнынан қозғалу үдеуінің сипаттамасы берілген. Трактордың үдеуімен қозғалу мүмкіншілігін анықтау үшін, ауылшаруашылығында жиі қолданылатын тракторлар қарастырылған. Теориялық талдау негізінде трактордың трансмиссия берілісі төмен болғанда қозғалу үдеуі сериялық қозғалтқыштармен артатындығы туралы тұжырым жасалған.

Түйін сөздер: трактор, үдеу, қозғалтқыш, трансмиссия, беріліс, жылдамдық, қозғалу, сынау.

Тракторларының үдеумен қозғалу мүмкіндігін анықтау үшін, сынауға екі түрлі және ауылшаруашылығында жиі пайдаланатын Т-150 К мен ДТ -75 М тракторлары қарастырылды. Сынау жұмыстары тасымалдау мен жер айдау кезінде орындалған. Дөңгелекті трактор Т-150К ГМТ-мен сыналса, ал ДТ-75М болса МСТ жылдамдық қораптарымен жабдықталған. Сонда ГМТ-мен істеген Т-150К тракторының қозғалу үдеуінің біршама артатынын көреміз, негізінен қозғалтқыш қуатын тиімді пайдалануға (10-15%) мүмкіншілігі болатынын көрсетеді, себебі бұл тракторларда тұрақты қуат қозғалтқыштары (ТҚҚ) орнатылған (СМД-62 ТҚҚ мен А-41Т-ТҚҚ).

Енді шынжыртабан ДТ-75М тракторының ТҚҚ-мен және МСТ қорабымен істейтін тракторлар нұсқасымен салыстырып, қозғалу үдеуіне болған әсерін анықтап көреміз.

$$\frac{V' n_M}{V} = \frac{M_{en} / M_c (K_{МП} - 1)}{M_{en} / M_c (K_{МО} - 1)} \quad (1)$$

мұндағы: $V' n_M$ – ТҚҚ орнатылған тракторының орнынан қозғалу үдеуі; V – сериялық қозғалтқышымен болған үдеуі; M_c – трактордың орнынан үдеуменен қозғалғанда орын алатын иіндібілікке келтірілген қарсылық моменті; $K_{МП}$ – ТҚҚ-мен істеген трактордың бейімделу коэффициенті; $K_{МО}$ – сериялық трактордың бейімделу коэффициенті.

ТҚҚ орнатылған А-41Т тракторының қозғалу үдеуі біршама артып, орнынан тезірек қозғалады, оны бейімделу коэффициенттерін салыстыра отырып анықтауға болады, сонда $K_{МП} = 1,4$ (ТҚҚ) болғанда $K_{ИС} = 1,15$ құрап, олардың қатынасы $M_{en} / M_c = 3$ болып ТҚҚ орнатылған тракторында қозғалу үдеуі 30% артатынын көрсетеді [1].

Жылдамдықты ауыстырып, трансмиссияның беріліс қатынасы ауысқандағы қозғалу үдеуінің өзгеруі мына параметрлер қатынасынан анықталады:

$$K_{МП}i_{ТПП} = K_{ИС}i_{ТРО} \text{ немесе } i_{ТПП} = i_{ТРО} \frac{K_{МО}}{K_{МП}}, \quad (2)$$

мұндағы $i_{ТПП}$ мен $i_{ТРО}$ – ТҚҚ-мен және сериялық қозғалтқышымен трансмиссияның беріліс қатынасы.

Екі қозғалтқыштың айналдыру моментімен болған қарсылығын үдеумен қозғалғандағы бірдей болған қатынасын жазуға болады.

$$\frac{V_{МП}}{V} = \frac{mr_k^2 + Ig + i_{ТРО}^2}{mr_k^2 + Ig + i_{ТПП}^2} \quad (3)$$

мұндағы: m – қозғалтқыш пен трансмиссияның айналатын тетіктерінің массасы; r_k – алып жүруші жұлдызшаның кинематикалық радиусы; Ig – алып жүруші жұлдызшаға жұмсалған қозғалтқыш пен трансмиссияның айналатын тетіктерінің екпін моменті.

Алып жүруші жұлдызшаға жұмсалған екпін моменті төмендегі параметрлер қатынасынан анықталады:

$$I_{келт} = Ig \frac{i_{ТП}}{r_k^2}, \quad (4)$$

Жоғарыда келтірілген 3, 4 формулалардағы байланыстарды талдай отырып, төмендегідей шешімдерге келуге болады: трансмиссия берілісі төмен болғанда қозғалу үдеуі сериялық қозғалтқышымен артады, оның себебі беріліс қатынасы төмендеген сайын айналатын тетіктердің екпін моменті төмендейтін болады, соған байланысты аздаған қуат өлшемі жұмсалады, сонда $Ig i_{ТПП}^2 < Ig i_{ТРО}^2$. ТҚҚ орнатылған трактордың үдеуі мына теңдікке толық жауап берген жағдайда артатын болады:

$$i_{ТПП} > i_{ТРО} \frac{K_{МО}}{K_{МП}}, \quad (5)$$

Осыған байланысты ДТ-75М мен Т-150К тракторларының қозғалтқыштарына ТҚҚ орнатылған кондырғысымен ауыр ауылшаруашылық жұмыстарын, оның ішінде жер жырту кезіндегі үдеумен қозғалу мүмкіншіліктерін салыстырып көрелік. Ол үшін максималды қозғалу жылдамдығына v_p жетуге керекті уақыты t_p мен жүрген жолы S_p салыстыра отырып анықтаймыз. Сондағы үдеу факторы келесідей анықталады [2]:

$$\phi_p = v_p / t_p \quad (6)$$

Бірінші болып сынаудан ДТ-75М тракторы П-5-35Г соқасымен жер жырту кезінде өткізіледі, осы кезде осциллографияға төмендегідей

параметрлер жазылып отырады: қозғалтқыштың айналу жиілігі n мин⁻¹; үдеумен қозғалу уақыты t_p мен жүрген жолы S_p ; қозғалтқыштың айналдыру моменті M мен тарту күші $P_{кр}$. Сондағы қозғалтқыштардың салыстырмалы көрсеткіштері төмендегі 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1

ДТ-75М мен Т-150К тракторларының негізгі параметрлерінің сериялық және тұрақты қозғалтқышы орнатылғаннан кейінгі көрсеткіштері


Қозғалтқыштар	N_{eH} , кВт	n_{eH} , мин ⁻¹	K_M	a_n
А-41Т (ТҚҚ)	79,5	1810	1,48	0,66
А-41	80,0	1825	1,10	0,73
СМД-62 (ТҚҚ)	122,9	2101	1,44	0,66
СМД-62	123,0	2092	1,18	0,72

Кесте 2

ДТ-75М тракторының төртінші берілісте жер жырту кезіндегі негізгі көрсеткіштері

Аналог тракторында				ТҚҚ орнатылған тракторында			
$P_{кр}$, кН	v_p , км/сағ	t_p , с	\varnothing_p , км/сағ / с	$P_{кр}$, кН	v_p , км/сағ	t_p , с	\varnothing_p , км/сағ / с
12	8,0	2,4	3,34	13,5	8,5	1,5	5,65
23	7,3	6,0	1,21	25,0	7,3	4,0	1,82
25	6,0	3,5	1,72	30,0	6,4	2,3	2,75

Осы сынау материалдарына байланысты төмендегідей шешімдерге келуге болады. ТҚҚ орнатылған тракторды тасымалдау жұмысында пайдаланғанда үдеу мүмкіншілігі 10-20%, ал жер жырту кезінде орташа есеппен 80% артып ТҚҚ орнатылған тракторының тиімділігін көрсетеді. Осы үдеу мүмкіншілігінің артуы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. ДТ-75М тракторымен жер жырту кезіндегі ТҚҚ-мен және сериялық қозғалтқышымен салыстырып қарағанда қозғалу үдеу көрсеткіштерінің өзгеруі

Мысалы, ДТ-75М тракторы алтыншы берілісте жер жыртқанда тарту қарсылығы $P_{кр}$ 10 кН-нан 21,5 кН артқанда, ТҚҚ қозғалтқышын пайдаланған трактордың қозғалу үдеуі 1,9-2,5 есеге артатынын көрсетеді. Әсіресе тарту күші 15 кН асқаннан кейін үлкен берілістегі көрсеткіші артатын болады, яғни ТҚҚ-мен тарту күші 30,5 кН жеткенде, сериялық тракторында осы жағдайда тарту күші бар болғанда 22,5 кН құрайтын болады [3].

Енді Т-150К тракторында салыстырмалы ТҚҚ-мен және сериялық СМД-62Т қозғалтқышымен тасымалдау жұмыстарын орындағанда, трактор ЗПТС-12 және 1ПТС-9 тіркемелерімен агрегатталады да жалпы массасы 32,7 т құрайды. Сынау кезіндегі үдеуменен қозғалу көрсеткіштері осциллографқа жазылып отырылады, ТҚҚ орнатылған Т-150К тракторының үдеумен қозғалу мүмкіншілігі біршама артатын болады, әсіресе 2, 3 және 4 берілістерінде. Сынау нәтижесіне сай, ТҚҚ қолданған Т-150К тракторының қозғалу үдеуі сериялық трактормен салыстырғанда 50-70% артады. Қозғалу үдеуі болса бейімделу коэффициенті K_M мен трансмиссияның беріліс қатынастарының параметрлер көбейтіндісімен анықталады.

$$K_M i_{TP2} = K_{МП} i_{TP3};$$

$$1,18 \times 47,19 = 1,44 \times 37,91 \approx 56$$

Сонда ТҚҚ істейтін тракторында 3-берілісінде айналатын тетіктердің массасының екпін күшін жеңуге жұмсалатын қуат біршама төмендеу болып келеді.

$$\left(\frac{i_{TP2}}{i_{TP3}} \right) = \left(\frac{47,19}{37,91} \right)^2 = 1,55 \text{ есеге төмендейді}$$

Кесте 3

Т-150К тракторын ТҚҚ-мен және сериялық қозғалтқышымен жүргізілген сынау нәтижесі

Берілістері	Трактор аналог			Трактор ТҚҚ			Ескерту
	t_p , с	v_p , км/сағ	Φ_p , км/ сағ/с	t_p , с	v_p , км/сағ	Φ_p , км/ сағ/с	
Бірінші	4,15	9,4	2,26	4,10	9,4	2,29	Жылдамдықты өзгертпей қозғалғандағы үдеуі
Екінші	8,7	11,7	1,35	5,8	11,7	2,02	
Үшінші	14,1	15,1	1,07	8,1	15,1	1,86	
Төртінші	39,1	17,6	0,45	23,6	17,6	0,745	
Бірінші- Екінші- Үшінші	10,4	15,1	1,45	9,2	15,1	1,64	Жылдамдығын алмастырғандағы үдеуі
Екінші- Үшінші	9,2	15,2	1,65	8,5	15,1	1,78	

3-кестедегі параметрлерге тиесілі талдау жасап мынадай шешімдерге келуге болады: ТҚҚ орнатылған қозғалтқышымен қозғалғанда жылдамдықты өзгертпей, бірден үшінші берілісте қозғалуға болады, сондағы қозғалу үдеу уақытысы $t_p = 14,1$ с-тен $t_p = 8,1$ с төмендейды, ал төртінші берілісте қозғалғанда қозғалу үдеуі одан да төмендейді, яғни $t_p = 39,1$ с-тан $t_p = 23,6$ с төмендейтін болады.

